



# Magjan juldzy

6+

Магжан Жумабаев ауданының газеті

2008 жылдың 11 шілдесінен шығады

№ 17 (816) 25 сәуір 2024 жыл

www.facebook.com/Magzhan zhuldizi

https://vk.com/Magzhan zhuldizi

e-mail: magzhan.zhuldizi@yandex.kz

## МЕРЕКЕЛІК ҚҰТТЫҚТАУ

## ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ



ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНЫҢ БІРЛІГІ КҮНІ

### Әурметті селітустік қазақстандықтар!

1 мамыр – Қазақстан халқы бірлігі күнімен шын жүректен құттықтаймын. Бұл жарқын мереке біздің көпзатты халқымыздың бейбітшілік пен келісімді бейнелейтін тамаша дәстүрлерін біз облысымыздың одан әрі дамуы үшін қолайлы жағдайлар қалыптастырамыз.

Бірлік пен келісімнің арқасында біз тәуелсіз мемлекет құру жолында үлкен табыстарға қол жеткіздік, әлемде жоғары беделге ие болдық. Бүгінде біздің елімізді дүниежүзі елдері таниды.

Солтүстікқазақстандықтар өңірімізде тұрып жатқан барлық этностар өкілдерінің салт-дәстүрлерін, мәдениетін көздерінің қарашығындай сақтап, дамытуда. Бұл біздің ертеңгі күнге деген сенімімізді нығайта түседі. Қуш-жігерімізді біріктіре отырып біз облысымыздың одан әрі дамуы үшін қолайлы жағдайлар қалыптастырамыз.

Үстіміздегі жылы Қазақстан халқы бірлігі күнін біз ерекше жағдайда атап өтеміз. Өңірімізде бұдан бұрын тарихымызда болмаған су тасқыны орын алды. Оның салдары мен зардаптары аз емес. Бұрын-соңды болмаған табиғат апаты біздің бәріміз үшін үлкен сынаққа айналды. Бірліктің, өзара қолдаудың және ынтымақтың арқасында біз апаттың салдарын лайықты түрде еңсереміз. Қарғын сумен күреске құтқарушылар, полицейлер, еріктілер, кәсіпкерлер және қарапайым азаматтар қатысты.

Бұл қиын күндері біз жалғыз болған жоқпыз. Отанымыздың барлық өңірлерінен, көрші Ресейден, Қырғызстаннан көмек келді. Облыс орталығына барлық аудандардан гуманитарлық көмектер жеткізілді. Гуманитарлық көмек орталықтарында уақытпен санаспай белсенділер мен еріктілер жұмыс істеді.

«Ауыр сынақтар сәтінде біздің халық өзін тағы да жақсы жағынан танытқаны, бірлік пен батылдықтың үлгісін көрсеткені қуантады. Шын жүрегімен Қазақстан азаматтарына алғыс айтамын!» - деді Мемлекет басшысы.

Сіздер атқарған үлкен жұмыстар біз бірге болғанда көз келген проблемаларды шеше алатынымызды көрсетте білді. Бірлескен күш-жігердің арқасында біздің алға қойған мақсаттарымызға қол жеткізе алатынымызға сенімдімін.

Көктемнің осынау тамаша күні баршаңызға денсаулық, табыстар, игілік пен гүлдену тілеймін! Облысымыз гүлдене берсін. Біздің күшіміз - бірлікте!

Ғауез НҰРМУХАМБЕТОВ,

Солтүстік Қазақстан облысының әкімі.

### Әурметті мағжандықтар!

Қазақстан халқы бірлігі күні - бірлікті, бейбітшілік пен келісімді бейнелейтін бірегей мерекелердің бірі. Бұл мемлекеттік мереке біздің елімізді түрлі этностардың өкілдері достық пен келісімде өмір сүретін полиэтникалық мемлекет ретінде бейнелейді. Бейбітшілік, достық, келісім - бұл қысқа сөздер көп нәрсені қамтиды. Бұл Отанның жылуы, ортақ үйдегі сенім мен келісім атмосферасы.

Қазақстан халқының бірлігі күні мемлекет тарихының маңызды беттерін біріктіреді. Өткенді есте сақтау, бүгінді бағалау және болашаққа жұмыс істеу - тәуелсіз мемлекеттің одан әрі дамуының формуласы.

Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің негізгі жетістіктері Қазақстанның біртұтас халқын құрайтын барлық өкілдерінің бірлігі, достығы мен ынтымақтастығының арқасында, барлық сын-тегеуіндерге қарсы тұру үшін басты күш көзі бола алатынын атап өтті. Биылғы жылдың көктемгі су тасқыны біздің елімізде, облыста және ауданда халықтың қаншалықты тату өмір сүретінін көрсетті. Табиғи апат кезінде республиканың барлық өңірлері, көрші елдер, облыс аудандары бір-біріне көмек қолын созды. Жанашыр мағжандықтар да шетте қалмады! Сондықтан, осы күндері біз халықтың бірлігі сияқты ұғымдардың маңыздылығын тағы да түсінеміз. Сонымен, бұл керемет мереке ерқайсымызға өз елімізді біртұтас халқы екенімізді еске салады!

Қымбатты жерлестер! Сіздерді халқымыздың достығы мен бірлігінің ұлы мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Баршаңызға денсаулық, барлық істеріңізге табыс, туыстарыңыз бен жақындарыңызға амандық, ортақ үйімізге - Қазақстан Республикасына өркендеу тілеймін!

Қайрат ОМАРОВ,

Магжан Жумабаев ауданының әкімі.

## АУДАНДАР ДА АТСАЛЫСПАҚ

Облыстық әкімдікте өңір басшысы Ғауез Нұрмухамбетовтің төрағалығымен су тасқынының зардаптарын жою жөнінде кеңес өтті. Қазір су тасқынынан зардап шеккен тұрғын үйлерді қалпына келтіру басты назарда. Тасқынның салдарын жою үшін және қалпына келтіруге келмейтін тұрғын үйлерді бұзу үшін барлық аудандардың ерқайсысынан 5 механикалық бригада мен 8 бірлік техникадан жасақталып, жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарын жүргізбек.

Ойқала ауданында Петропавлдың 30 бригадасы жұмыс істейді. Бұл шағынауданда Ғ.Мүсірепов атындағы, Тайынша, Уәлиханов аудандарының бригадалары көмекке келмек.

Былғары зауытына Есіл, Жамбыл, Шал ақын және Айыртау аудандары бекітілді. Заречный кентінде Магжан Жумабаев, Тимирязев, Ақжар және Мамлют аудандарының бригадалары жұмыс істейді. Аққайың ауданының бригадасы Қызылжар ауданына көмекке жіберіледі.

Жалпы тасқынның салдарын жоюға облыстың түкпір-түкпірінен барлығы 100-ден аса мехбригада жұмылдырылады. Жолдарды жөндеуге және тазалауға 50 техникасы бар 8 жол-құрылыс ұйымы бекітілген. Олар қажет болған жағдайда қалпына келтіру жұмыстарына тартылақ.

Облыс әкімі Ғауез Нұрмухамбетов жауапты мемлекеттік органдарға қалпына келтіру жұмыстарына қажетті бригадалар мен техникаларды бөліп, жұмыстарды қысқа мерзімде жүргізуді, сондай-

ақ құрылыс материалдарының бағасын жасанды түрде көтеруге жол бермеуді тапсырды.

Су кеткесін, тез арада тұрғын үйлерді техникалық тексеру мен бағалауды жүргізу қажет, оның нәтижелері бойынша залалды өтеу туралы шешім қабылданыу керек. Сонымен қатар бірінші көтергіш сорғы станциясын қалпына келтіру бойынша іс-шаралар жоспарын әзірлеу тапсырылды.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі.

## ЕГІС-2024

## АУДАН ДИКАНДАРЫ КӨКТЕМГІ ДАЛА ЖҰМЫСТАРЫНА ДАЙЫН

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев егінді өртараптандыру жұмыстарын күшейтуге қатысты жан-жақты тапсырма жүктеген еді. Соған сәйкес Премьер-министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен Үкімет отырысы өтіп, онда көктемгі дала жұмыстарына дайындық барысы қаралды. Одан қалды облыс орталығында 2024 жылғы көктемгі дала жұмыстарын сапалы өткізу бойынша семинар-кеңес өтіп, өңір басшысы Ғауез Нұрмухамбетов, Ауыл шаруашылығы министрі Айдарбек Сапаров, аудан әкімдері, өңір дикандары, галымдар мен сала мамандары қатысты. Алқалы жиында өткен жылдың шаруалар үшін оңайға соқпағаны сөз болып, биыл бұл жағдай қайталанбауы үшін тиісті шаралар қабылданыу керектігі айтылды. Сондықтан біздің аудандағы шаруалар да дала жұмыстарына жыл басынан бәрі дайындалып, жан-жақты қамданып жатыр.



Аудандық ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімінің басшысы Әлібай Құсайынов. Биыл ауданда 435,6 мың гектарға тұқым себіледі. Оның ішінде дәнді және бұршақты дақылдар 325,8 мың, майлық дақылдар 60 мың, жемаздық дақылдар 47,8 мың, картоп 1,5 мың, көкөніс 0,5 мың гектар. Жалпы жүргізілген талдаулар жерге қажетті жауын-шашын жауғанын көрсетті. Ылғалдың мол болуы егес науқанына қолайлы жағдай туғызып отыр. Оған қоса, аудан бойынша 328,1 мың га алқапта қар тоқтату жұмыстары жүргізілді.

Ауданның ауыл шаруашылығы құрылымдары 2024 жылғы егіске толық көлемде (48,9 мың тонна) тұқым септі. Жақсы егін шығу келіпдіктерінің бірі - климаттың күйзелістеріне де, түрлі ауруларға да төзімді және нәтижесінде жақсы өнім беретін элиталық тұқымдарды қолдану. Ағымдағы жылы 4,9 мың тонна элиталық тұқым себу жоспарлануда. Ауылшаруашылық дақылдарының өнімділігін арттыру және құнарлылығын сақтау

ветеринария бөлімінің басшысы Әлібай Құсайынов. Биыл ауданда 435,6 мың гектарға тұқым себіледі. Оның ішінде дәнді және бұршақты дақылдар 325,8 мың, майлық дақылдар 60 мың, жемаздық дақылдар 47,8 мың, картоп 1,5 мың, көкөніс 0,5 мың гектар. Жалпы жүргізілген талдаулар жерге қажетті жауын-шашын жауғанын көрсетті. Ылғалдың мол болуы егес науқанына қолайлы жағдай туғызып отыр. Оған қоса, аудан бойынша 328,1 мың га алқапта қар тоқтату жұмыстары жүргізілді.

Ауданның ауыл шаруашылығы құрылымдары 2024 жылғы егіске толық көлемде (48,9 мың тонна) тұқым септі. Жақсы егін шығу келіпдіктерінің бірі - климаттың күйзелістеріне де, түрлі ауруларға да төзімді және нәтижесінде жақсы өнім беретін элиталық тұқымдарды қолдану. Ағымдағы жылы 4,9 мың тонна элиталық тұқым себу жоспарлануда. Ауылшаруашылық дақылдарының өнімділігін арттыру және құнарлылығын сақтау

үшін сөзсіз фактор минералды тыңайтқыштарды қолдану болып табылады. Биыл аудан дикандары 18131 тонна минералды тыңайтқыш себу межесі қойылды. Қазіргі кезде шаруалар 11466 тоннаға келісім шарт жасалып отыр. - дейді Әлібай Нұрбайұлы.

Көктемгі дала жұмыстарын жанар-жағармай материалдарымен қамтамасыз етудің маңызы зор. Сондықтан аудандағы 2024 жылғы көктемгі дала жұмыстарына 5813 тонна дизель отыны қажет. Бүгінгі күні арзандатылған дизель отынына ЖЖМ операторларымен литрне 250 теңге бағаммен 5813 тонна шарт жасалды. Бұл қажеттіліктің 100%-ын құрайды. Үкімет алысатарлыққа және қолдан талшылық жасауға жол бермес үшін дизель отынын үлестіру барысын ерекше бақылауға алатынын айтады. Сол себепті аудан шаруалары көктемгі егес науқанына был ерте-ақ қамданып, қырағды дала жұмыстарына жоғары дайындықпен шығу үшін білек сыбынып отыр.

Еркін ТӨЛЕГЕН.

● ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫ: ЖАҢА ҚАЗАҚСТАНДЫ БІРГЕ ҚҰРАЙЫҚ!

# «ӘДІЛ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ БАҒЫТЫ»



**Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2023 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділ Қазақстанның экономикалық бағыты» атты Қазақстан халқына жыл сайыны жолдауында біз сандық экономика барған сайын үлкен рөл атқаратын еңбек нарығындағы ауқымды өзгерістердің күесі екенімізді айтты. Platformалық жұмыспен қамту сұранысқа ие болады. Қазірдің өзінде бұл секторда жарты миллионнан астам адам жұмыс істейді. Алайда олардың еңбек құқықтары әлі де нашар қорғалаан. Сондықтан осы санаттағы азаматтардың еңбек құқықтарын қорғаудың пәрменді тетіктерін әзірлеу және платформалық жұмыспен қамту мәселесін толығымен реттеу қажет. Жақында қабылданған әлеуметтік кодексте жаңа тұлғарындама пайда болды - платформалық жұмыспен қамту. Бұл нені білдіреді және мұндай жұмыспен қамтуға халықтың қандай санаттары қатысады, Біз қазір түсіндірейік.**

техникалық, ұйымдастырушылық (оның ішінде жұмыстарды немесе қызметтерді көрсету үшін үшінші тұлғаларды тарта отырып көрсетілетін қызметтерді), ақпараттық технологиялар мен қызметтерді көрсету бойынша азаматтар орнату және мәмілелер жасау үшін ақпараттық технологиялар мен жүйелерді қолдана отырып, ақпараттық және өзге де мүмкіндіктерді ұсыну бойынша қызметтер көрсететін жеке кәсіпкер немесе заңды тұлға және интернет-платформада тіркелген орындаушылар мен тапсырыс берушілер арасындағы жұмыстарды орындау;

• тапсырыс беруші-интернет-платформада тіркелген және онда қызмет көрсетуге немесе жұмыстарды орындауға тапсырысты орналастыратын жеке немесе заңды тұлға;

• Орындаушы-интернет-платформада тіркелген, тапсырыс берушілерге қызмет көрсететін немесе жария шарт негізінде интернет-платформаны пайдаланатын орындаушылар арасындағы жеке тұлға, жеке кәсіпкер немесе заңды тұлға.

Платформалық жұмыспен қамтуға жүзеге асыру үшін Тапсырыс беруші мен орындаушы интернет-платформада немесе мобильді қосымшада тіркелетін кезделеді. Оператор мен тапсырыс беруші, сондай-ақ орындаушы арасындағы өзара қарым-

қатынас ҚР Азаматтық кодексіне сәйкес реттеледі. Оператор мен Тапсырыс беруші, сондай-ақ орындаушы арасындағы өзара қарым-қатынас ҚР Азаматтық кодексіне сәйкес реттеледі.

Әлеуметтік Кодексте Орындаушы - заңды тұлға қызметтерді көрсету және платформалық Жұмыспен қамтудың интернет-платформаларын немесе мобильді қосымшаларын пайдалана отырып жұмыстарды орындау үшін жұмыскерлерді тартқан жағдайда олармен еңбек қатынастары ҚР Еңбек кодексіне сәйкес рәсімделетінін көрсетеді.

Еңбек кодексіне тиісті түзетулер енгізілді. Атап айтқанда, ол интернет-платформаларды немесе платформалық Жұмыспен қамтудың мобильді қосымшасын қолдана отырып, қызметті жүзеге асыратын жеке кәсіпкер немесе заңды тұлға жалдайтын қызметкерлердің еңбегін реттеудің ерекшеліктерін анықталған мақаламен толықтырылды.

Осылайша, қызметкер мен жеке кәсіпкер немесе қызметті интернет-платформаларды немесе платформалық Жұмыспен қамтудың мобильді қосымшасын қолдана отырып жүзеге асыратын заңды тұлға арасындағы еңбек шарты белгілі бір мерзімге, бірақ кемінде бір жыл мерзімге

шектелуі жасалуға тиіс екендігі анықталды. Мұндай қызметкермен еңбек шартын жасасу кезінде еңбек заңнамасының барлық нормалары сақталуы керек. Бұл ретте жұмыс режимі, күнделікті жұмыс узақтығы, жұмыс уақытын есепке алу, жүйе және еңбек жағдайлары тараптардың келісімі бойынша айқындалады және ұжымдық немесе еңбек шарттарында, сондай-ақ жұмыс берушінің актілерінде белгіленеді.

Қорытындылай келе, Президенттің сөзінде бағыттардың барынша спектрін қамтитын және әлеуметтік-экономикалық реформалардың бірыңғай жүйелі кешеніне айналатын түрлі идеялар мен ұсыныстар айтылғанын атап өткім келеді. Өз кезегінде біз, ел азаматтары, қойылған міндеттерді шешуге барынша белсенді қатысып, өз орнында мемлекеттің өркендеуі мен дамуына қолдан келгенше еңбек етуге тиіс.

Қазақстан мықты, инновациялық және орнықты өл болуға ұмтылады және бұл бізді шабыттандырады. Ұсынылған шаралар табысты іске асырылып, еліміздің барлық азаматтарының өмір сүру сапасын жақсарту және өркендеу түрінде жемісін берері деп үміттенеміз.

**Бақытжан ЫСҚАҚОВА,**  
жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы.

Бұған дейін қазақстандық заңнамада мұндай ұғым болған емес. Ол Яндекс, Uber, Glovo, Wolt және т. б. сияқты ірі платформаларда тіркеліп, еңбек шарттарын жасаспай жұмыс істеген және бұл ретте зейнетақы аударымдары, әлеуметтік аударымдар, МӘМС және т. б. түріндегі әлеуметтік төлемдері жоқ, курьерлер, жеткізушілер және таксистер түріндегі қазақстандықтардың едәуір салмақты армиясының жұмыспен қамтылуының жаңа түрлерінің пайда болуымен пайда болды.

Осылайша, жұмыскерлерді әлеуметтік қорғауды сақтау мақсатында платформалық жұмыспен қамту сияқты жұмысқа орналастырудың жаңа құралы әзірленді, ол жеке тармақпен Қазақстан Республикасының әлеуметтік кодексіне енгізілді.

Сонымен, платформалық жұмыспен қамту - бұл интернет-платформаларды немесе платформалық жұмыспен қамтудың мобильді қосымшаларын қолдана отырып, қызмет көрсету немесе жұмыстарды орындау қызметі. платформалық жұмыспен қамту тараптары:

• интернет-платформа операторы-интернет-платформаны пайдалана отырып,

● НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

## 24 СӘУІРДЕН БАСТАП АУДАНДА ЖЫЛЫТУ МАУСЫМЫ АЙҚАЛДЫ

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» ҚР Заңының 31 бабы 2 тармағына сәйкес, тұрғын үй, әлеуметтік-мәдени, әкімшілік-шаруашылық мақсаттағы объектілердің 2024-2025 жылдардағы күзгі-қысқы кезеңдегі жұмысқа уақытылы және

сапалы дайындығын және олардың тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз ету мақсатында Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының әкімдігінің қаулысымен 2023-2024 жылдардағы жылғы маусымның аяқталуы 2024 жылғы 22 сәуір болып белгіленді.

## ХАБАРЛАМА

Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының әкімдігі «Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының аумағында барлық кандидаттар үшін үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындарды белгілеу туралы» 2021 жылғы 6 мамырда № 117 қаулы қабылдады (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде 11 мамырдағы № 7415 болып тіркелген) Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 28 желтоқсандағы № 260 қаулысымен бекітілген өзгерістер енгізілді.

Аталған қаулыда Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының сайлау комиссиясымен бірлесіп (келісім бойынша) Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Успенка ауылдық округі әкімінің барлық кандидаттары үшін үгіттік баспа материалдарын орналастыру орындарымен «Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Успенка ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Мәдениеті үйінің ғимаратына іргелес аумақта ақпараттық стендтер белгіленді.

## МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ АУДАНЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ АУДАНЫ УСПЕНКА АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНІҢ ӘКІМІНЕ КАНДИДАТТАРДЫ ТІРКЕУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМАСЫ

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 113-5 бабына сәйкес Мағжан Жұмабаев аудандық сайлау комиссиясы 2024 жылғы 24 сәуірде Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Успенка ауылдық округінің әкіміне келесі кандидаттарды тіркеді:

| Тегі, аты, өкілетті аты          | Туған жылы | Лауазымы, (оқу), жұмыс орны және тұрғылықты жері   |
|----------------------------------|------------|--|
| Бейсебаева Сарагүл Сәрсенқұлқызы | 1979       | Директордың міндетін атқарушы, математика пәнінің мұғалімі, «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» КММ «Мағжан Жұмабаев ауданының білім бөлімі» КММ «Еңбекші-қазақ орталау мектебі» КММ, СҚО, Мағжан Жұмабаев ауданы, Сулышоқ ауылында тұрады. Өзін-өзі ұсыну арқылы ұсынылған. |
| Жансүгірова Гүлжан Серікқызы     | 1980       | Ішкі саясат мәселелері жөніндегі бас мамаң «Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» КММ, СҚО, Мағжан Жұмабаев ауданы, Булаев қаласында тұрады. Өзін-өзі ұсыну арқылы ұсынылған.  |
| Төтеннова Айша Көшербайқызы      | 1968       | Еңбек нарығы жөніндегі бас мамаң «Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» КММ, СҚО, Мағжан Жұмабаев ауданы, Булаев қаласында тұрады. Өзін-өзі ұсыну арқылы ұсынылған.   |

Мағжан Жұмабаев аудандық сайлау комиссиясы.

## СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ - ӘР АЗАМАТТЫҢ МІНДЕТІ

Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік құбылыс ретінде қазіргі уақытта саяси дамуға қарамастан әлемнің барлық дерлік елдерінде, соның ішінде біздің елде де өмір сүруді жалғастыруда, тек ауқымды да ғана ерекшеленеді. Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік-экономикалық даму, нарықтық экономика құру, инвестициялар тарту процесін тежейді. Демократиялық мемлекеттің саяси және қоғамдық институттарына теріс әсер етеді, елдің болашақ дамуына елеулі қауіп төндіреді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес Қазақстандағы мемлекеттік саясаттың негізгі басымдықтарының бірі ретінде айқындалған.



құқықтары мен заңды мүдделерін қалпына келтіру, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың зиянды салдарын жою және алдын алу; сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға қарсы күресте жәрдемдесетін азаматтардың жеке қауіпсіздігін қамтамасыз ету және көтермелеу; мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың және оларға теңестірілген адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерін мемлекеттің қорғауы, аталған адамдар мен олардың отбасыларына лайықты өмір сүру деңгейін қамтамасыз ететін осы адамдардың жаалақасын (ақшалай қамтылуын) және жеңілдіктерін белгілеу.

Қазақстан Республикасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес үшін заңнамалық база, оның ішінде «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, сондай-ақ көлемсіз экономика көлемін қысқартуға, экономика саласындағы құқық бұзушылықтарға қарсы күреске және т. б. бағытталған бірқатар бағдарламалар қалыптастырылды. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңы азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін сыбайлас жемқорлық көріністерінен туындайтын қатерлерден қамтамасыз етуге, мемлекеттік органдардың, мемлекеттік функцияларды орындайтын лауазымды және басқа да адамдардың, сондай-ақ оларға теңестірілген адамдардың алдын алу, анықтау, жолын кесу және ашу жолымен тиімді қызметін қамтамасыз етуге бағытталған сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтарды жою, олардың салдарын жою және кінәлілерді жауапқа тарту сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің негізгі қағидаттарын айқындайды, сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтардың түрлерін, сондай-ақ жауапкершіліктің басталу шарттарын белгілейді.

«Сыбайлас жемқорлық» термині латын тілінен шыққан «согитреге» сөзі мағынасы бойынша «параберу» терминінің мағынасын ретінде «мемлекет ағзасын, қоғамдық қатынастарды бұзу» дегенді білдіреді. Бұл термин әдетте лауазымды адамның өзінің билік өкілеттіктерін және өзіне сеніп тапсырылған құқықтарын жеке пайда үшін алдау, бопсалау, заңнама мен моральдық тұрғыдан қайшы келетін әуресарсанлар арқылы пайдалануын білдіретін нормалар. Қазақстан Президенті сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы айта келе, қоғамның қатысуынсыз сыбайлас жемқорлықты жеңуге болмайтынын бірнеше рет атап өтті.

Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі ел Президентіне тікелей бағынатын орган бола отырып, мемлекеттік қызметті, кадр саясатын тиімді іске асыруда және сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендетуде мемлекет пен қоғамның күш-жігерін біріктіреді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес: барлығының заң мен сот алдындағы қызметін нақты құқықтық регламенттеуді, мұндай қызметтің заңдылығы мен жариялылығын, оған мемлекеттік және қоғамдық бақылауды қамтамасыз ету; жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін, сондай-ақ әлеуметтік-экономикалық, саяси-құқықтық, ұйымдық-басқару жүйелерін қорғаудың басымдығы негізінде жүзеге асырылады және жеке заңды тұлғалардың бұзылған

**Руслан СӘДУАҚАСОВ,**  
сұрылым, сәулет және қала құрылысы бөлімінің басшысы.

МАМАН КЕҢЕСІ

# ҮЙ ЖАНУАРЛАРЫН ЕСЕККЕ АЛУ

2022 жылдың 2 наурызынан бастап Қазақстанда жануарларға жауапкершілікпен қарау туралы заң күшіне енгені белгілі, ол жануарлармен жұмыс істеу ережелерін және оларға адамгершілік қатынасты реттейді. Онда иелердің үй жануарларының өмірі мен денсаулығы үшін жауапкершілігі, оларды қатыгездіктен қорғау қарастырылған. Заң сонымен қатар иттердің өздігінен жүріне тыйым салды. Сондай-ақ, 2023 жылдың 1 қыркүйегінен бастап «Жануарларға жауапкершілікпен қарау туралы» Заңның 11 бабы күшіне енді, онда барлық үй және қараусыз қалған төрт аяқты достардың міндетті есебі қарастырылған.



Тіркеудің бірнеше өдісі бар, бірақ иттер мен мысықтар үшін чиптеу ең жақсы нұсқа болып саналады.

Үй жануарларын чиптеу - бұл шприцке ұқсас арнайы бір реттік аппликатормен чипті тері астына енгізуден тұратын күрделі процедура емес. Есепке алынуға жататын үй жануарларының тізбесіне енгізілген, меншік құқығында және өзге де заттық құқықтарда жеке және заңды тұлғаларға тиесілі үй жануарлары міндетті есепке алынуға тиіс, жануардың иесі ауысқан жағдайда үй жануарларын есепке алу қағидаларында көзделген деректерді міндетті қайта есепке алынуға тиіс.

Үй жануарларын есепке алушы облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары

құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымдар, ветеринария саласында емдеу-профилактикалық кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке немесе мемлекеттік емес заңды тұлғалар жүзеге асырады. Жануарлар иелерінің дербес деректерін қамтитын ақпаратпен жұмыс істеу Қазақстан Республикасының Дербес деректер және оларды қорғау туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Үй жануарларын есепке алу ақылы негізде жүргізіледі, бір чиптің құны төрт мың теңгені құрайды.

Иелері халықтың әлеуметтік осал топтарына жататын үй жануарларын есепке алу үй жануарларын есепке алу қағидаларына сәйкес бюджет қаражаты есебінен жүргізіледі.

Үй жануарларын есепке алу кезінде оған үй жануарларын есепке алу ережелерінде белгіленген тәртіппен үй жануарларының жеке нөмірі беріледі.

Чиптеудің негізгі міндеттерінің бірі - қараусыз қалған жануарлардың санын реттеу. Егер мысық немесе чипі бар ит көшеде табылса, онда оның иесі кім екенін анықтауға болады. Нәтижесінде жануарды көшеге лақтырған бұл адам жауапқа тартылады.

# ЖОҒАРЫ ПАТОГЕНДІ ҚҰС ТҰМАУЫНЫҢ ЕСКЕРТУ ЖӘНЕ АЛДЫН АЛУ

Құс тұмауы - ас қорыту, тыныс алу органдарының зақымдалуымен және жоғары өліммен сипатталатын құстардың жедел жұқпалы вирустық ауруы. Құс тұмауынан болатын экономикалық залал өте үлкен және ауру құстың жашпай өлімімен, ауыр карантиндік және ветеринариялық-санитариялық іс-шараларды жүргізу кезіндегі шығындармен, соның ішінде жойқылған түрлері пайда болуы мүмкін.

Тұмау құстарда келесі белгілер болған кезде пайда болады: температураның жоғарылауы, түмсықтың ағуы, бастың арқа лақтырылуы және жүйке миез-құлқи. Тұмау симптомсыз болуы мүмкін: құс ауырмайды, бірақ вирустың тасымалдаушысы бола алады. Ауру құстарда ерекше миез-құлқы байқалады: қозғалыстардың үйлесімсіздігі, сыртқы тітіркендіргіштерге реакцияның болмауы және депрессиялық жағдай. Қыртыстың ісінуі мен қараюуы және сырғалардың көкшілдігі, бас терісінің, мойынның ісінуі және құстың 24-72 сағат ішінде өлуі байқалады.

Егер сіз осы белгілерді үй құстарыңызда байқасаңыз, онда сіз шұғыл түрде ауылдық округтің ветеринарлық дәрігеріне немесе аудандық ветеринарлық станцияға баруыңыз керек.

Жоғары патогенді тұмаудың қауіптілігі - бұл тек құстар ғана емес. Адамдар вирустың бұл түрін де жұқтыруы мүмкін. Ауру симптомсыз болатын инкубациялық кезең 1-ден 21 күнге дейін болатынын білу маңызды.

Құстардың жоғары патогенді тұмауын жұқтыру қауіпін негізгі тобы олардың биологиялық қорғалуының төмендігіне байланысты азаматтардың жеке қосалқы шаруашылықтары болып табылады. Аңшылар ерекше қауіп тобына жатады: сою, жүлу, құс ондеу кезінде инфекция қауіп жоғары.

Құс тұмауы вирусының жабайы құстан үй құстарына берілу қауіпін ескере отырып және Мағжан Жұмабаев ауданының аумағында құс тұмауының пайда болуы мен таралуын болдырмау мақсатында халыққа мынадай алдын алу шараларын



орындау қажет:

1. Құстарды белгіленген жерлерде және ветеринариялық-ілеспе құжаттары болған кезде сатып алу.

2. Ветеринариялық қызмет мамандарына құстардың талабы бойынша эпизоотияға қарсы профилактикалық іс-шараларды қарау және жүргізу үшін ұсыну.

3. Құстардың кенеттен қайтыс болуы немесе бір мезгілде жашпай ауруы туралы ветеринариялық қызмет мамандарына дереу хабарлау.

4. Құстарды ұстау, тамактандыру кезінде зоогигиеналық және ветеринарлық ережелерді сақтау.

Естеріңізге сала кетейік, белгісіз жерлерде және ветеринариялық құжаттарсыз сатып алынған құс пен ауыл шаруашылығы жануарларынан аурулар пайда болуы мүмкін және сіздің шаруашылығыңызда ғана емес, сонымен қатар округ аумағында жануарлар мен құстардың аса қауіпті ауруларына өкелуі мүмкін.

Құс ауруының және өлімінің барлық жағдайлары туралы, сондай-ақ егістіктерде, ормандарда, су айдындарында және басқа жерлерде жабайы құстың жашпай қырылу орындары анықталған кезде ветеринариялық қызметке келесі телефон нөмірі бойынша дереу хабарлау қажет: 8(7153)2-04-12.

Евгения БУНКОВСКАЯ, ветеринарлық дәрігер.

# АСТЫҚТЫҢ САНДЫҚ-САПАЛЫҚ ЕСЕБІ

Астық егістікке тұқым себуден бастап біздің үстелдегі дайын өнімге дейін ұзақ жолдан өтеді және әр кезеңде сапаны кешенді бақылау қажет. Кеден одағының бірінші кедендік аумағында Кеден одағы Комиссиясының 2011 жылғы 9 желтоқсандағы № 874 (бұдан әрі - КО ТР) шешімімен бекітілген «Астық қауіпсіздігі туралы» Техникалық регламент қолданылады.



Азық-түлік және жемшөп мақсаттарына жеткізілетін астық Кеден одағының бірінші кедендік аумағында ол КО ТР-да, сондай-ақ қолданбасы астыққа қолданылатын Кеден одағының басқа да техникалық регламенттерінде белгіленген сәйкестікті бағалаудың (растаудың) қажетті рәсімдерінен өткен жағдайда айналысқа шығарылады.

Жеткізілетін астықтың әрбір партиясы айналымға шығарылған кезде тауарға ілеспе құжаттармен бірге жүреді, онда астық партиясының КО ТР талаптарына сәйкестігі туралы декларация туралы ақпарат болуы тиіс.

Жеткізілетін астықтың КО ТР талаптарына сәйкестігін бағалау нысандарда жүргізіледі:

- 1) астықтың сәйкестігін растау (декларациялау);
- 2) астыққа қатысты КО ТР талаптарының және оған қойылатын талаптарға байланысты астықты өндіру, сақтау, тасымалдау, өткізу және қолдану процесстерінің сақталуын мемлекеттік бақылау (қадағалау).

2001 жылғы 19 қаңтардағы № 143 «Астық туралы» Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі - Заң) сәйкес астықтың сапасы оның стандарттарға жөніндегі құжаттардың, санитариялық, ветеринариялық және фитосанитариялық қағидалар мен нормалардың, гигиеналық нормативтердің талаптарына сәйкестігін айқындайтын астықтың тұтынушылық қасиеттерінің жиынтығын білдіреді.

Астық нарығына қатысушылардың қызметін мемлекеттік реттеу, оның ішінде:

- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Техникалық реттеу;

- ережелердің сақталуын бақылау; Астықтың сандық-сапалық есебін жүргізу, астықты сақтау, астық қолхаттарын ұстаушылардың мемлекеттік электрондық тізімін қалыптастыру және жүргізу.

Астық нарығын реттеу саласындағы мемлекеттік бақылау Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес тексеру және профилактикалық бақылау нысанында жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының аумағындағы астық және оның өмірлік циклінің процесстері заң талаптарына, техникалық регламенттерге, санитариялық және фитосанитариялық қағидалар мен нормаларға және қолданылатын стандарттарға жөніндегі құжаттарға сәйкес келуге тиіс.

Астық сапасын мемлекеттік бақылау мыналарды қамтиды:

- 1) астық қабылдау кәсіпорындарына қабылдау және жөнелту кезінде астық сапасының көрсеткіштерін анықтауды бақылау;
- 2) Астықтың сандық-сапалық жай-күйін бақылау.

Тұтынушыларды астықтың қауіпсіздігі мен сапасына қатысты жаңылыстыратын әрекеттердің алдын алу мақсатында астық нарығына қатысушылар сатып алушыларға және (немесе) тұтынушыларға астықтың қауіпсіздігі мен сапасының көрсеткіштері туралы толық және анық ақпарат беруге міндетті.

Астық пайдалану мақсаттарына байланысты қауіпсіздікті қамтамасыз ететін талаптар кешеніне сәйкес келуі тиіс. Потенциалды қауіпті химиялық қосылыстар мен биологиялық объектілердің, пестицидтер мен тыңайтқыштардың қалдық мөлшерінің,

оның ішінде фузиганттардың, астықтағы зиянды заттар мен қоспалардың, сондай-ақ ылғалдың құрамы техникалық регламенттерде белгіленген мөлдердің рұқсат етілген ең жоғары деңгейінен аспауға тиіс.

Элеваторларда астық сапасын кешенді бақылауды негізгі мақсаты жеткізілетін дақылдың жай - күйі туралы уақтылы және сенімді ақпарат алу болып табылатын зертханалар орнындайды.

Төсеу алдында бақылау үшін әр партиядан алдын-ала сынамалар алынады, оның барысында біркатар көрсеткіштердің сәйкестігі бағаланады.

Зертхананың ең маңызды міндеті - астықтың әртүрлі сипаттамаларын талдау және оған сынып беру. Зертханалық талдау нәтижелері өте маңызды, сондықтан барлық жауапкершілік (өліше құралдары) жарамды болуы керек және тексерулер өту туралы тиісті сертификаттарға ие болуы керек.

Астықты сақтау астықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін экологиялық, құрылыс, орт, санитариялық-эпидемиологиялық және фитосанитариялық талаптарға жауап беретін астық қоймаларында жүзеге асырылады. Тәуекелдердің түрлері бойынша астықты сақтау кезіндегі қауіпсіздік талаптары техникалық регламенттерде белгіленеді.

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 19 маусымдағы № 4-1/546 бұйрығымен бекітілген Астықтың сандық-сапалық есебін жүргізу қағидаларына сәйкес астықтың сандық-сапалық есебі астық қабылдау кәсіпорнында астықты қабылдау, тазарту, кентіру, сақтау, орнын ауыстыру және жөнелту процесінде астықпен жасалатын барлық операцияларды есепке алу және тіркеу жүзесін білдіреді.

Астықпен жүргізілетін барлық операциялар (қабылдау, өлшеу, кентіру, тазалау, сақтау, тиен-жөнелту), сандық-сапалық есепке алу және тиісті құжаттарды ресімдеу I килограмма дейінгі дөңкіпкен физикалық салмақта (парызда өлшеу жолымен айқындалған астық массасы) жүргізіледі.

Астық қабылдау кәсіпорнына келіп түсетін астықты Қазақстан Республикасының өлшем бірлігін қамтамасыз ету саласындағы заңнамасында белгіленген тәртіппен тексеруден өткен таразыларда өлшегеннен кейін материалдық жауапты тұлға саны бойынша қабылдайды.

Астықты өлшеу кезінде белгіленген тәртіппен тексеруден өткен (тексеру туралы сертификаты, таңбасы, жапсырмасы немесе пломбасы бар) арнайы өлшеу аспаптары (рулетка - дәл градуирленген, тозуға төзімді жабыны бар өлшеу таспасы немесе лазерлік қашықтық өлшегіш - лазер сәулесін қолдана отырып қашықтықты өлшеуге арналған аспап) пайдаланылады.

Толығырақ ақпаратты «Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрілігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаменті» РММ, Петропавл қ., Ульянов к-сі, 56, телефон 8 (715) 2-54-74-97, электрондық пошта мекенжайы: gosnadzor\_sko@mail.ru.

Екатерина ПАРШИНА, ҚР СИМ Техникалық реттеу және метрология Комитетінің СҚО бойынша департаментінің бас маманы - СҚО мемлекеттік бақылау және қадағалау жөніндегі мемлекеттік инспекторы.

# ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНЫҢ БІРЛІГІ КҮНІ МЕРЕКЕСІНІҢ ТАРИХЫ

# ТАТУЛЫҒЫ МЕН БІРЛІГІ ЖАРАСҚАН ЕЛ

1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні мерекесі жақындап келеді. Бұл еліміздегі ең жарқын және мерейлі мейрамдардың бірі.



Қазақстан аумағында тұрып жатқан 150-ден астам ұлт пен ұлыс өкілдерінің киелі қара шаңырақта тату-тәтті өмір сүруі үшін береке мен ынтымақ, бірлік пен бейбітшілік аса қажет. Сондықтан бұл мейрамның маңызы зор.

Көктемнің соңғы айының бірінші күнін тойлау дәстүріне қандай тарихи оқиғалар себеп болды? Мерекенің көшегі өткен тарихына көз жүгіртсек, 1 мамыр мейрамын алғаш ойлап тапқан жұмысшілер, Чикагода ереуілге шыққан жұмысшылар емес екен. Мереке тарихының тамыры тереңде жатыр.

Үш мың жыл бұрын ежелгі Италия тұрғындары жердің қамқоршысы әйел құдай Майяға табынған. Соның құрметіне көктемнің соңғы айын «май» деп атап, осы айдың бірінші күнінде серуендер өткізіп, тойлар жасады.

1 мамыр мерекесінің тарихы Еңбекшілердің ынтымақтастығы күні ретінде 1889 жылдың шілдесінен атап өтіле басталды. 1886 жылдың 1 мамырында АҚШ-тың жұмысшылары 15-сағаттық жұмыс күніне қарсы ереуіл ұйымдастырып, зауыт басшыларынан жұмыс күнін 8 сағат деп белгілеуді талап еткен.

Наразылық білдіру әрекеттері 4 күнге созылды. Нәтижесінде, ереуілге қатысқан жүздеген адамдар тұтқындалып, алты жұмысшы мерт болды, 50 адам - жарақат алды. Жұмысшылар үшін тіпті мұның өзі кедергі болмады. 1889 жылдың маусымында Париждегі 2 Интернационалдың 1 Конгресі 1 мамырды - 8 сағаттық

жұмыс күні үшін Халықаралық күрес күні немесе Еңбекшілердің халықаралық ынтымақтастық күні деп атау туралы шешім шығарды.

Ресей империясында бұл мейрам 1890 жылы жұмысшылардың ереуіліге шығуы ретінде аталып өткен. Бір жылдан кейін Петербург қаласында бірінші «маевка» (еск.: төңкеріске дейінгі Ресейде - еңбекшілердің революциялық күлія жиналысы) ұйымдастырылды. 1897 жылдан бастап «маевкалар» саяси сипатқа ие болып, жаппай демонстрациялармен қатар өтті. 1917 жылдың 1 мамырында бұл мереке алғаш рет ашық тойланды. Елдің барлық қалаларындағы миллиондаған жұмысшылар Коммунистік партияның «Барлық билік кеңестерге берілісін!», «Министр-капиталисттердің көзі жойылсын!» деген плакаттарымен алаңға шықты.

Кеңес Одағында Еңбекшілердің ынтымақтастық күні мемлекеттік мереке болып табылып, сән-салтанатпен атап өтілді. 1 және 2 мамыр күндері демалыс күндері болды. Қазіргі таңда Ресейде бұл мейрам өзінің бастапқы саяси мағынасынан айырылып, Көктем және еңбек күні болып саналады. 1 мамыр мерекесі 1990 жылы Еңбекшілердің ынтымақтастық күні ретінде тойланды.

Тәуелсіз Қазақстанда мейрам 1996 жылдан бастап тойланады. 1 мамырды Қазақстан халқының бірлігі күні деп жариялау туралы бұйрыққа Қазақстанның Тұңғыш Президенті 1995 жылдың 18 қазанында қол қойып, Еңбекшілер күнін

тойлаудан бас тартты.

Бұл күні Қазақстан Республикасында тұратын халықтарды бірлікке, ынтымаққа ұйытатын мерекелік шаралар өткізіледі. Қазақстан - көп ұлтты мемлекет. Елде 150-ден астам ұлт пен ұлыс өкілдері бір тұдың астында тату-тәтті ғұмыр кешуде. Біздің өліміз Қазақстан халқының бірлігі күні мерекесін кеңінен атап өтеді.

Қазақстан халқының бірлігі күні мерекесіне қатысқан адам бұл мейрамның ауқымын біледі. Мерекеге әртүрлі мәдени орталықтар аталысады. Олардың мақсаты - Қазақстан халқын өзге халықтардың дәстүрлерімен таныстыру. Мейрамға еңбек ұжымдары, ЖОО студенттері, әртүрлі қоғамдық бірлестіктердің өкілдері белсенді қатысады.

Мерекенің ең бір жарқын көрінісі — этномәдени көрме. Орталық мәдениет және демалыс саябағының алдында (Астана қ.) Қазақстанда тұратын барлық ұлт пен ұлыс өкілдерінің ұлттық баспаналары тұрғызылады. Шағын музейлерден белгілі бір ұлтқа тән киім үлгілерін, үй заттарын, өшекейлерді көріп, ұлттық тағамдарының дәмін тата аласыздар.

Сонымен бірге, бұл күні Қазақстан музейлері мен кітапханалары Қазақстанда тұратын халықтарға арналған көрмелер ұйымдастырады. Мейрам Қазақстан халқын ел аумағында тұратын өзге ұлттардың мәдениеті және дәстүрлерімен таныстырып, ұлт тұтастығын нығайта түседі.

*Жылсайып! Мамырда Қазақстанда  
Қазақстан халқының бірлігі күнін,  
мәдениеттердің алуан түрлілігі мен  
ұлт бірлігін бейнелейтін маңызды  
мерекені атап өтеді. Бұл күні бірлікте  
құш бар екенін еске салады және тек  
бірлiгi арқылы бiз қиындықтарды  
жеңiп, гүлденген бeлaшaқты құрa  
aлaмыз.*

Көпұлтты Қазақстанда мәдениеттердің алуан түрлілігінің байлығы оның бірегейлігінің ажырамас бөлігіне айналды. Мұнда әртүрлі діндерді ұстанатын, бірақ бейбітшілікке, өркендеуге және үйлесімділікке деген ортақ ұмтылыспен біріктірілген әртүрлі этникалық топтардың адамдары бірге өмір сүреді. Қазақстан халқының бірлігі күні әрбір қазақстандықты өзінің дәстүрлері мен мәдениетін атап өтуге ғана емес, көршілерінің мәдени мұрасын құрметтеуге және бағалауға шақырады.

Бірліктің негізгі қағидасы - айырмашылықтарды құрметтеу. Қазақстан-бұл мәдениеттердің мозаикасы, онда әрбір бөлік өзінің ерекше өмір салтын, дәстүрлері мен құндылықтарын алып жүреді. Бұл әртүрлі біздің күшіміз бен шабытмыздың қайнар көзі болып табылады. Біз бірге әр элементтің өзіндік ерекше ролі бар әлемі сурет жасаймыз. Алайда, бірлікке жету жолында қиындықтар да бар. Жаһандық пандемиясы, су тасқыны сияқты табиғи апаттар, экономикалық қиындықтар және әлеуметтік мәселелер сияқты жаһандық сын-қатерлер бізден ынтымақтастық пен өзара түсіністікті талап етеді. Дәл осындай сәттерде көмекке мұқтаж адамдарға көмектесу кезінде бір-бірінің бірлігі мен қолдауын көрсету өте маңызды.

Қазақстан халқының бірлік күнін мерекелеу - бұл мерекенің себебі ғана емес, сонымен қатар біздің әділ және бейбіт қоғам құрудағы ілгерілеушімізді ойлас-тырып, талдауға арналған уақыт. Бұл біздің бірлігімізді одан әрі нығайту, Қазақстанның барлық азаматтары үшін әл-ауқатты қалай қамтамасыз ету туралы ойлана алатын уақыт.

Қазақстан халқының бірлік күні біз үшін барлық қиындықтарды еңсеріп, ұлы биіктерге жете алатынымызды еске сала берсін. Біздің бірлігіміз болашақ өркендеуіміз бен әл-ауқатымыздың мызғымас негізі болсын.

**Айгүл ӘБСАЛЫҚОВА,**  
дiнi және қоғамдық  
бiрлестiктермен  
жұмыс жонiндегi  
бас маманы.

## ЕЛ БІРЛІГІ - ЕҢ АСЫЛ ҚАСИЕТ

Отанымыздың бақытты болашағы тек бірлікте. Отаны бірдің – тілегі бір, жүрегі бір. Көпұлтты ел болуымыз – біздің байлығымыз, мақтанышымыз. Қазақстан – бұл ортақ жер, біртұтас халық және ортақ келешек. Ассамблея – еліміздің бірлік пен келісімнің киелі бесігі, тұтастық пен тұрақтылықты күтті шаңырағы. Ұлтаралық татулық пен келісім көктем түскен бірдене емес. Ол мемлекет пен баршамыздың күнделікті саясатымыз бен практикамыздың нәтижесі.

Ұлтаралық татулық пен келісім – қазақстандық ұлттық идеяның басты өзегі. Ұлттар арасындағы сенім мен бірлік – әділ өлемдік тәртіптің негізі. Татулық пен келісім – еліміздің табысты дамуының базалық факторы. Біздің басты байлығымыз – халықтар мен діндер арасындағы татулық пен келісім. Қазақстан халқы біртұтас, бірлігі мызғамас кемел елге айналды. Қазақстан – көпұлтты мемлекет. Мәдени тұрғыдан алғанда мұның өзі демократиялық мемлекеттің алдына қатаң талаптар тарттады деген сөз. Біз тыныштық арқылы – тұрақтылыққа, татулық арқылы – тұтастыққа қол жеткіздік. Қазақтың ертеңі, өзінің, бала-шағасының ертеңі ойлаған адам алдымен өсі елдегі тыныштықты ойлау керек. Ұлтаралық және конфессияаралық қарым-қатынастардың саясаттануына жол бермегеніміз – біздің маңызды жетістігіміз.

Халық бірлігі дегеніміз, бұл өз алдымен мемлекеттік институттардың бірлігі. Біздің ең басты байлығымыз – берекелі бірлігіміз. Мен ауызбіршіліктің айналымын ажырақ жұртымын құатты ұлтқа, шұақты ұлысқа айналуына көміл сенемін. Ырыс – ынтымаққа қолығады, дәулет – бірлікпен толығады. Қазақ халқының ынтымағы мен бірлігі

болмайынша, мемлекетіміздің тұтастық келбетін сақтау мүмкін емес.

Ел бірлігі – ең асыл қасиет. Бірлік – біздің қасиетті туымыз. Үдеудің сыры – бірлікте, жүдеудің сыры – алауыздықта. Бірлігі жақсының тірлігі тапшы болмайды. Бақ та, тақ та таласқанға бұйырмайды, халықтың істе жарасқанға бұйырады. Біздің бабаларымыз тірі болуы үшін бір болған, біз ірі болу үшін бір болуымыз керек. Тек бірлесіп қана, бүкіл халықтың күш-жігерін біріктіріп қана біз алға баса аламыз. Бірлігі берекелі, тірлігі мерекелі, ынтымағы жарасқан елдің ғана ырысы мен табысы мол болмақ. Тұрақтылықсыз баршаның бақуатты болмасын халқымыз жақсы түсінеді. Біздің халықтың кемел даналығы да осында.

Адам мен адамды, халық пен халықты, ел мен елді жақындастырар ең берік дәнекер – мүдде бірлігі. Ауызбіршілік жоқ жерде ешқашан да ұлттық идеялар жүзеге асқан емес. Бабаларымыз өзгелерді төріне шығу үшін өзі де меймандарына қақ төрін орын беріп, құрмет көрсеткен. Еңсесі биік елдікке есі көткен ғана топырақ шашады. Өз халқын сүйетін адам, өз жұртына жақсылық тілеген кісі өзге халықтарды ашындырмайды, өз ұлтын ешкімге қарсы қоймайды. Қазақстандағы ұлтаралық жарастықтың негізгі ұйытқысы болу міндетін алдымен осы Атамекеннің иесі – қазақ халқы өз мойнына алуы керек.

Дүниеде өзара сенім мен ынтымақтастық негізінде шешуге болмайтын проблемалар жоқ екеніне сенімдімін. Мұны ұғыну үміт ұялатып, болашаққа деген сенімді нығайтады. Біз келісім саясаты мен парасатты ұлттық стратегиясыз ешқандай міндеттерді шеше алмаймыз. Жаңа қоғамға



өтудің, қуатты мемлекет құрудың негізгі тетігі – саяси тұрақтылық. Кіммен дос болу, кіммен жақындасу, кімнен өзінді алысырақ ұстау – ұлтты сақтаудың бір келімі.

Тұрақтылық – саяси мәселелерді шешудің күшке негізделмеген тәсілдеріне көбірек сүйенгенде ғана сақталмақ. Толеранттылық болмайынша жаһандық сенім де болмайды. ...этнопопулизм – демократиялық қоғамның денесіне шайқан «бзеу» емес. Ол – дерт. Онымен ұдайы күреспей болмайды. Ол жағдайға байланысты тез өзгеріп тұрады. Қоғамды одан әрі жетілдіргенімізде де қыр соңымыздан қалмайды. Мұндай кесепатпен әкімгершілік жолмен де, идеологиялық жолмен де күресіп, көп ештеңе бітіре алмайсың. Онымен күрестің жалғыз жолы – адам материалының сапасын жақсартуға күш салу.

Жалпыұлттық идеяны өміршең ететін – Елдің бірлігі. Ауызбіршілік қашқан, алауыздық тасқан жерде ешқашан да жалпыұлттық идеялар жүзеге асқан емес. Қазақстанның шыққан шыны мен бағындарын биіктерінің ең басты себебі – бірлік, берекесі. Біздің кейінгі ұрпаққа аманаттар ең басты байлығымыз – Ел бірлігі болуы керек. Осынау жалпыұлттық құндылықты біз әрбір жастың бойына сіңіре білуге тиіспіз. Елдің тұтастығы мен бірлігі, татулығы мен тыныштығы ең басты назарда. Ел бірлігі – біздің барша табыстарымыздың кілті. Тұрақты дамудың қазақстандық моделі бүгінде бүкіл әлемге үлгі.

**Оралбай САҒЫНДЫҚОВ,**  
аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы.



## «ҮКІЛІ ДОМБЫРА»

**18 сәуір күні аудандық Мәдениет үйінде Мағжан Жұмабаев ауданы әкімдігінің «Халық өнерпаздары шығармашылығын және бос уақытты ұйымдастыру қызметі орталығы» МҚКК ұйымдастыруымен 6-16 жас аралығындағы оқушылар арасында «Үкілі домбыра» аудандық жас күйшілер байқауы болып өтті.**

Жас домбырашылардың өнеріне аудандық тарихи-өлкетану мұражайының директоры Серік Жұмағұлов, мәдениет қызметкері, жоғары білікті ұстаз, хореограф Ақмарал Тұрсынбаева және аудандағы өнер саласының күрметті азаматы Ризабек Төлеубекұлы қазылық етіп, сахнада өз-өзін ұстауына, орындаушылық шеберлігі мен домбыра тарту техникасына баға берді.

Байқаудың салтанатты ашылуында «Грация» би тобының өнерпаздары өнер көрсетіп, жас өңші Арнұр Ахметжанов «Балдәурен» әнін орындады.

Содан соң, Булаев қаласы мен Қарақоға ауылындағы «Алтын ұрпақ» қосымша білім беру орталығының ұстаздары Нұрлыбек Баймұқанов пен Самат Ораловтың және аудандық Мәдениет

үйіндегі домбырашылар үйірмесінің жетекшісі Алма Назарбайқызының тәрбиеленушілері сахнаға шығып, кезек-кезек қазақтың ұлттық аспабы – домбырамен «Ерке сылқым», «Кенес», «Келіншек», «Тойбастар», «Жастар», «Әке толғау» және «Ана» туралы күйлерін орындады. «Үкілі домбыра» аудандық жас күйшілер байқауы алғашқы рет ұйымдастырылып отыр. Мақсатымыз – өскелең ұрпақты

отансүйгіштікке баулу, ұлттық салт-дәстүрлеріміз бен құндылықтарымызды дәрінге тәрбиелеу, жас таланттарды анықтау, одан әрі шыңдау, бағыт бағдар беру. Сондықтан бұл байқау өлі де жалғасын тауып, жас ұрпақтың сан қырлы талантын ашу үшін басқа да сайыстар мен байқаулар өткізетін боламыз, - дейді аудандық Мәдениет үйінің директоры Нұрлыбек Қайыртайұлы.

Сахнадан шыққан домбыраның қоңыр үні көрермендерге ерекше әсер беріп, олар жас өнерпаздарды қошеметтеп, қолдап отырды. Соның нәтижесінде әділ-қазылар шешімімен Құсайынова Асель байқау жеңімпазы атанды. Жұлделі екінші орынды Қонақпаева Әлем мен Құсайынова Жанель жеңіп алды. Үшінші орындарға Дильназ Шәрішева, Моулин Әмір мен Сыздықова Нұрайым сынды күйшілер лайықты деп танылды.

Жеңімпаздар мен жүлдегерлер диплом мен және естелік сыйлықтармен марапатталса, қалған қатысушылар қатысқаны үшін диплом мен естелік сыйлықтар табыс етілді.

Еркін ТӨЛЕГЕН.

### АУДАН ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

## АЗАМАТТАРДЫҢ МӘМС-ТЕГІ МӘРТЕБЕСІ БОЙЫНША ТОП-10 СҰРАҚ

Пайдаланбаған ақшаны қайтаруға бола ма, неге МӘМС жүйесі жинақтаушы емес, жеке клиникада МӘМС есебінен қалай емделуге болады? Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры қазақстандықтардың жиі қоятын сұрақтарына жауап берді.

**1. Мен «жұмыс істемейтін жұкті әйелдер» жеңілдік санатына кіремін, бірақ тіркелген жеке кәсібім бар. Жеңілдік санатына кіретіндер жарна төлеуден босатылады деп естідім. Жеке кәсібім үшін жүргізілген төлемдерді қайтарғын ала аламын ба?**

- «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы» Заңға сәйкес, жұмыс істемейтін тұлғалар үшін МӘМС жарналарын мемлекет төлейді. Егер жүкті әйел еш жерде жұмыс істемесе, алайда ЖК ретінде тіркелген болса (оның қызметі ресми тоқтатылмаған болса), барлық тиісті төлемдерді (зейнетақы, әлеуметтік, кіріс салығы) жүргізіп отырғандықтан, жұмыс істейтіндер қатарына кіреді. Яғни жеңілдік санатынан шығып қалады. Сақтандырылған мәртебесін сақтау үшін жеке кәсібі үшін МӘМС жарналарын төлеу қажет.

**2. Егер МӘМС есебінен медициналық қызметтерді алмасам, пайдаланбаған ақшаны қайтарғын ала аламын ба?**

- МӘМС-ке енгізген төлемдерді қайтаруға немесе оларды басқа адамға беруге болмайды, себебі жүйе қаражатты дербес бөледі қарастырмайды. Барлық жарналар мен аударымдар Ұлттық банктегі шотта жинақталады және ол жерден барлық сақтандырылған тұтынушылардың медициналық қызметтерін төлеуге бағытталады.

**3. Мен жұмыс істемейтін болсам мәртебемі қалай аламын?**

- Сізге екі таңдау бар. Біріншісі – дербес төлеуші ретінде жарна төлеуіңізге болады. Екіншісі – жұмыспен қамту орталығына

хабарласып, жұмыссыз ретінде тіркеле аласыз. Бұл жағдайда сіз жеңілдік санатына кіресіз және сіз үшін жарналарды мемлекет төлейді.

**4. Жеке клиникада МӘМС бойынша тексерілуден отуға бола ма?**

- Медициналық көрсеткіштер болған жағдайда Қормен шартқа отырған жеке клиникаларда консультациялық-диагностикалық қызметтерді алуға болады. Ол үшін өз емханаңыздан жолдама қажет. Медициналық қызмет көрсетушілердің тізімімен Қор сайтына кіріп, «МӘМС-гид», ары қарай «Пациенттер үшін», содан кейін «Клиниканы таңдау» батырмасын басу арқылы танысуға болады (<https://fms.kz/osms-guide/patient/vybrat-kliniku/>).

**5. МӘМС үшін қате төленген жарналарды қалай қайтаруға болады?**

- Қате рәсімделген (мысалы, басқа кезең көрсетілген) төлемдерді қайтару үшін «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясы КЕАҚ-та белгіленген нысан бойынша өтініш жазу қажет және төлемді растайтын құжаттарды қоса ұсыну қажет (нысан [fms.kz](https://fms.kz) сайтында «ОСМС-гид» бөлімінде жарияланған). Өтінішті <https://eotinish.kz/> электронды платформасы арқылы беруге болады.

**6. МӘМС-ке қате төленген соманы басқа кезеңдерге қайта бөлуге бола ма?**

- МӘМС-ке төленген төлемдерді басқа кезеңдерге қайта бөлуге болмайды, тек кері қайтара аласыз. Кейін керек кезең үшін төлем жасауға болады.

**7. Мен студентпін, МӘМС-ке төлем жасауым қажет пе?**

- Күндізгі оқу бөлімінің студенттері

МӘМС-ке жарна төлемейді, себебі жеңілдік санатына кіреді. Сондай-ақ жұмыс берушілер күндізгі оқу бөлімінде оқитын студенттер үшін МӘМС-ке аударымдар жасаудан босатылған.

**8. Мұғалімнің шаруа қожалығы болса, МӘМС-ке төлемді қалай жүргізеді?**

- Салық заңнамасына сәйкес шаруа қожалығы қандай да бір басқа нысанда рәсімделмеген болса, ол ЖК ретінде қарастырылады. Егер ЖК қызметін тоқтатпаған болса, ол өзі үшін 1,4 ЕТЖ-ның 5 % төлейді.

Осы ретте негізгі жұмысында да жарналар төлеп, мұғалім қызметкері үшін аударымдар жасауы керек. Яғни барлық кіріс көздерінен төлем жүргізіледі.

**9. Мен мерзімдік қызметімді өтеп жатқан сарбазпын, жарна төлемеймін, бірақ сақтандырылғанмын. Менің сақтандырылған мәртебем қанша уақытқа сақталады?**

- Сіз мерзімдік қызметіңізді атқарып жатқан уақытта жарна төлеуден босатыласыз. Әскердегі қызметіңіз аяқталған соң сізге сақтандырылған мәртебесін сақтау үшін МӘМС-ке туралы түрде жарна төлеу қажет.

**10. Мен жеке компанияда жұмыс істеймін және жалақыны орындаған жұмыс көлеміне қарай аламын. Егер салық салынатын кіріс ішегі көтерілген болса МӘМС-ке жарналарды арттыру туралы ереже кімдерге әсер етпек?**

- Қарастырылып жатқан түзетулерде МӘМС-ке аударымдарды есептеу үшін қабылданатын ай сайынғы кірістің жоғарғы шегін 2025 жылдан бастап 10 ЕТЖ-дан 50



АЗАМАТТАРДЫҢ МӘМС-ТЕГІ МӘРТЕБЕСІ БОЙЫНША ТОП-10 СҰРАҚ



1414 @MSQORY\_KZ

ЕТЖ-ға дейін өсіру туралы сөз болуда. Алдын ала жасалған талдау көрсеткендей, бұл өзгерістер ай сайынғы табысы 10 ЕТЖ (биыл 850 мың теңге) асатын жалдамалы қызметкерлерге ғана әсер етеді. Яғни, егер сіздің жалақыңыз кейде 850 мың теңгеден асатын болса, онда сіз нақты табыстың 2% төлейсіз.

Сақтандыру мәртебесін келесі жолдармен тексеруге болады:

- Qoldau 24/7 мобилді қосымшасы
- fms.kz ресми сайты
- Telegram-дағы @SaqtandyruBot
- 1414 байланыс орталығы
- Datumed мобилді қосымшасы
- Halyk мобилді қосымшасы
- BCC.KZ мобилді қосымшасы
- Kaspi.kz мобилді қосымшасы
- egov.kz электрондық үкімет сайты – «Медициналық қызметтерді тұтынушы ретінде қатысу туралы және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде аударымдардың және (немесе) жарналардың аударылған сомалары туралы ақпарат беру» мемлекеттік қызметі арқылы.

«МӘМС» КЕАҚ  
Солтүстік Қазақстан облысы бойынша филиалының баспасөз қызметі.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

# АУДАН БОЙЫНША БОС ЖҮМЫС ОРЫНДАРЫ

Мағжан Жұмабаев ауданы бойынша жұмыс берушілерден Мансап ерталығының филиалына түскен бос жұмыс орындары туралы хабарлаймыз.

Кітапханашы Булаев қаласы - 85000;  
Кітапханашы Булаев қаласы - 85000 (аудандық кітапхана);  
Орман бастығы Булаев қаласы - 120000;  
Орманшы Булаев қаласы;  
Механик Булаев қаласы «Булаев орман шаруашылығы» КММ;  
Келісімшарт бойынша әскери қызметшілер Булаев қаласы - 150000-200000;  
Жалпы практика дәрігері Булаев қаласы - 238000;  
Дерматовенеролог Булаев қаласы - 215000;  
Күзетші Булаев қаласы-120000;  
Бухгалтер Булаев қаласы - 150000-200000 (білім бөлімі);  
Заңгер Булаев қаласы - 150.000 (білім бөлімі);  
Әлеуметтік педагог Булаев қаласы - 100000-130000 (білім бөлімі);  
Бағдарламашы Булаев қаласы - 100000-130000 (№2 мектеп);  
Логопед Булаев қаласы - 100000-150000 (білім бөлімі);  
МТМ токарі Полтавка ауылы - 150000;  
Мехот слесарі Полтавка ауылы-150000;  
Полтавка ауылы объектілері бойынша күзетші - 100000;  
МТЗ, К-700, К-701 механизаторлары Полтавка ауылы - 200000;  
Аспазы Полтавка ауылы - 120000;  
Аспазы көмекшісі Полтавка ауылы - 100000;  
ЗИЛ жүргізушісі Полтавка ауылы - 200000;  
Агроном Полудино ауылы - 250000;  
Бригадир Полудино ауылы - 200000;  
Механизатор Полудино ауылы - 200000;  
Ток меңгерушісі Полудино ауылы - 200000;  
Наубайхана жұмысшысы Булаев қаласы - 90000 («Кухаренко» ЖК);  
Наубайшы Булаев қаласы - 70000-80000 («Кухаренко» ЖК);  
Жұмысшы Булаев қаласы - 70000 («Булаев Астық» ЖШС);  
Слесарь Булаев қаласы - 100000;  
Зертханашы Булаев қаласы - 100000;  
Өрт сөндіру машинасының жүргізушісі

Булаев қаласы - 180000;  
Әлеуметтік педагог Булаев қаласы - (Булаев мектеп-балабақша-бөбекжай кешені);  
Бағдарламашы Булаев қаласы (Мағжан Жұмабаев атындағы орта мектеп);  
Логопед Булаев қаласы (№2 Булаев ОМ);  
Мал күтімі бойынша жұмысшы Булаев қаласы - 85000 («Тамаша» ЖШС);  
Кассир Булаев қаласы - 85000 («Патриот» ЖК);  
Әдіскер-нұсқаушы Булаев қаласы - 120000 (БЖСМ);  
Тракторшылар Булаев қаласы - 150000 («Агример» ЖШС);  
Жүк машиналарының жүргізушілері Булаев қаласы - 200000 («Булаева Астық» ЖШС);  
Таразышы-бухгалтер Булаев қаласы - 120000-150000 («Булаев Астық» ЖШС);  
Механизатор Булаев қаласы;  
5-разрядты аспазы - 200000 («Бөкірова» ЖК);  
Булаев қаласы - 85000 («Бөкірова» ЖК);  
Интервьюер Булаев қаласы - 85000 (статистика басқармасы);  
Малшы Бәйтерек ауылы - 200000;  
Сауыншы Бәйтерек ауылы - 200000;  
Тракторшы Бәйтерек ауылы - 200000;  
Механизатор Бәйтерек ауылы - 200000;  
Жүргізуші Бәйтерек ауылы - 200000;  
Токарь Бәйтерек ауылы - 200000;  
Дәнекерлеуші Бәйтерек ауылы - 200000;  
Ток меңгерушісі Новотроицкое ауылы - 200000;  
Агроном Новотроицкое ауылы - 200000;  
Бригадир Новотроицкое ауылы - 200000;  
Мал дәрігері Новотроицкое ауылы - 200000;  
Механизатор Новотроицкое ауылы - 200000;  
Барлық санаттағы жүргізушілер Новотроицкое ауылы - 200000;  
Бас маман-бухгалтер Булаев қаласы (қала өкімінің аппараты);  
Булаев қаласы өкімінің орынбасары (қала өкімінің аппараты);  
Бас маман Возвышенка ауылы;  
Мәдениет және тілдерді дамыту

жөніндегі бас маман Булаев қаласы (ішкі саясат, тілдерді дамыту бөлімі);  
Басшысы Булаев қаласы (Кәсіпкерлік бөлімі);  
Құқықтық мәселелер жөніндегі бас маман Булаев қаласы (аудан өкімінің аппараты);  
Жалпы мәселелер бойынша бас маман Булаев қаласы (аудан өкімінің аппараты);  
Әлеуметтік мәселелер жөніндегі бас маман Булаев қаласы (аудан өкімінің аппараты);  
Жергілікті бюджет секторының бас маманы Булаев қаласы (Экономика және қаржы бөлімі);  
Жергілікті бюджеттер секторының меңгерушісі Булаев қаласы (Экономика және қаржы бөлімі);  
Бас маман-бухгалтер Булаев қаласы (тұрғын үй - коммуналдық шаруашылық, жолаушылар келігі және автомобиль жолдары бөлімі);  
Жалпы мәселелер бойынша бас маман Молодогвардейское ауылы;  
Бас маман - бухгалтер салық салушы Лебяжье ауылы;  
Бас маман-бухгалтер салық салушы Конохово ауылы;  
Бас маман - бухгалтер салық салушы Таман ауылы;  
Жер қатынастары жөніндегі бас маман Булаев қаласы (жер қатынастары бөлімі);  
Бөлім басшысының орынбасары Булаев қаласы (Ауыл шаруашылығы бөлімі);  
Бөлім басшысы Булаев қаласы (дене шынықтыру және спорт бөлімі);  
Жалпы практика дәрігері Булаев қаласы - 238000 (орталық аудандық аурухана);  
Хирург Булаев қаласы - 226000 (орталық аудандық аурухана);  
Онколог Булаев қаласы - 215000 (орталық аудандық аурухана);  
Фельдшер (медбике) Булаев қаласы (орталық аудандық аурухана);  
Шаштараз Булаев қаласы («Агафонова» ЖК);  
Әлеуметтік педагог Булаев қаласы (Білім бөлімі);  
Бухгалтер Булаев қаласы (Білім бөлімі);  
Заңгер Булаев қаласы (Білім бөлімі);



Аула сыпырушы Булаев қаласы («Балдәурен» Булаев мектеп-балабақша-бөбекжай кешені);  
Механизаторлар Таман ауылы («Таманское» ЖШС);  
Барлық санаттағы жүргізушілер Таман ауылы («Таманское» ЖШС);  
Зоотехник Таманское ауылы («Таманское» ЖШС);  
Дәнекерлеуші Таманское ауылы («Таманское» ЖШС);  
Таман ауылы («Таманское» ЖШС);  
Күзетші Таманское ауылы («Таманское» ЖШС);  
Электрик Таманское ауылы («Таманское» ЖШС);  
Әдіскер тәрбиеші Майбалық ауылы «Майбалық негізгі мектебі» КММ;  
Мәдени ұйымдастырушы Майбалық ауылы («Майбалық негізгі мектебі» КММ);  
Жүргізуші КАМАЗ Булаев қаласы (ДЭУ-68);  
Жұмысшылар (маусымдық) Булаев қаласы (ДЭУ-68);  
Аула сыпырушы Булаев қаласы («КСРО» дәмханасы);  
Пилорама жұмысшысы Булаев қаласы;  
Ағаш шабушы Булаев қаласы;  
Жұмысшылар Булаев қаласы («Азия Вус» ЖШС);  
Барлық сұрақтар бойынша Булаев қаласы, Мир көшесі, 8А мекен жайы бойынша немесе 2-81-54 телефоны бойынша мансап орталығының филиалына жүгінуге болады.

## МАМАН КЕҢЕСІ

Тамақтан улану – белгілі бір микроорганизмдермен жаппай ластанған немесе ағзаға улы әсер ететін микробтық немесе микробтық емес сипаттағы заттардан тұратын тағамды жеу нәтижесінде пайда болатын жіті жұқпалы ауру.

# АСТАН УЛАНУДЫ АЛДЫН АЛУ



кезде жуғыш заттарды пайдаланыңыз.

\* Жаңа және дайын өнімдерді кесу үшін бөлек немесе арнайы пышақтар мен кесу тақталарын пайдаланыңыз. Тамақ пен қолдың жанасуын мүмкіндігінше шектеңіз.

\* Тек жаңа піскен өнімдерді пайдаланыңыз, оларды ашық қоймаңыз, жәндіктер мен кеміргіштерден қорғаңыз.

\* Ет және балық етін суға салып ерітпеу

\* Қолданар алдында шикі жұмыртқаны ағынды сумен шайыңыз.

\* Қолданар алдында жемістер мен көкөністерді, шөптерді сірке суы қосылған суға салып, содан кейін ағынды сумен шайыңыз.

\* Бөлшек сауда желісінде тез бұзылатын азық-түлік өнімдерін сатып алғанда, өнімге ілеспе құжаттарындағы сақталу мерзіміне, шығарылған күніне назар аударыңыз (сана сертификаттары, санитарлық-гигиеналық және эпидемиологиялық қорытынды).

\* Қыздырылған тағамды екі сағаттан көшіктірмей тұтыныңыз.

\* Кремді аспаздық өнімдерді (кілегей қосылған торттар, кондитерлік өнімдер) сатудың белгіленген мерзімінен кейін тұтынбаңыз.

\* Тоңазытқышта бір сәреде шикі тағамдар мен пісірілген тағамдарды, әсіресе ашық контейнерлерде сақтамаңыз. Дайын өнімді сақтауға арналған контейнерлер мұқият жабылуы керек.

\* Күн сайын жеке гигиена ережелерін сақтаңыз және қоғамдық орындар мен деретханға барғаннан кейін қолыңызды жуыңыз.

\* Қоқыс жөшігін жуғыш және дезинфекциялау құралдарымен еңдеңіз, оны қақпақпен жабыңыз және қоқыстарды жиірек босатыңыз.

Тамақтан уланудың салдарымен күрескенше, оның алдын алған дұрыс. Азық-түлікті сатып алудан тұтынуға дейінгі барлық кезеңдерінде қабылданатын алдын алу шаралары тағамнан улану ықтималдығын айтарлықтай төмендетеді.

\* Жоғарыда аталған шарттарды сақтай отырып, сіз өзіңізді және жақындарыңызды ықтимал қиындықтар мен аурулардан қорғайсыз.

### Құрметті аудан тұрғындары!

Жедел ішек инфекцияларының және тамақтан уланудың алдын алу үшін өнімге әдеттен тыс бөтен иіс бар тағамдарды, сапасы күмәннен өтпеген өнімдерді немесе жарамдылық мерзімі өтіп кеткен өнімдерді пайдаланбаңыздар. Белгісіз сауда нүктелерінен азық-түлік өнімдерін сатып алмаңыз.

Құлсаря ӘЛЖАҢОВА,

аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бас маманы.

## ТЖБ ХАБАРЛАЙДЫ

# ӨРТ ҚАУІПТІ КЕЗЕҢ БАСТАЛДЫ

Әр адам кез келген жаста үлкен қуанышпен және үмітпен алдағы демалысты, демалыс және мереке күндерін табиғатта өткізуді, таза ауада демалуды немесе жеке учаскелерінде жұмыс істеуді мақсат етеді. Жазғы маусым басталғанымен құрғақ шөптің және қоқыстың бақылаусыз жаныуына байланысты өрттер де жиі пайда бола бастайды. Жыл сайын бұл жағдайлар қайталанады. Сондықтан от жағу, қалдықтар мен ыдыстарды күйдіру ғимараттар мен құрылыстардан 50 метрден кем емес қашықтықта жүзеге асырылуы тиіс. Ал желді ауа райында от жағуға жол берілмейді.



райы жағдайында от жағуға, өрт қауіпті жұмыстарды жүргізуге тыйым салынады.

- Кешеге лақтырылған бөтелкелерді линзаға айналған және күн сәулелерін шоғырланған шөптер езігінен жанғанша қараусыз қалдырмау.

- Желіге қосылған электр тұрмыстық құралдарды, жанып жатқан газ плиталарын қараусыз қалдырмаңыз және оларды қадағалауды кішікентай Балалардың отпен ойнауының алдын алыңыздар.

- Желіге қосылған тұрмыстық электр аспаптарын, жанып жатқан газ плиталарын қараусыз қалдырмаңыз және оларды бақылауды жас Балаларға тапсырмаңыз. Балалардың отпен ойнауын қатаң түрде тоқтатыңыз.

Рұқсат етілмеген жағу, от жағу және өрт қауіпсіздігі ережелері бұзылған құрғақ шөптің бақылаусыз жаныуы үшін өкімшілік жауапкершілік қарастырылған:

- ҚР «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінің 336 бабы бойынша қалдықтарды жинау немесе жау кезінде атмосфералық ауаны қорғау және өрт қауіпсіздігі жөніндегі талаптарды сақтамау 20 АЕК мөлшерінде айыппұл салуға өкел соғады.

Сонымен бірге, елді мекендер мен ұйымдардың аумағында жанғыш қалдықтардың үйінділерін жасауға тыйым салынады, олар уақтылы шығарылуы тиіс.

Саяжай маусымымен қатар, біздің ауданымыздың тұрғындары табиғатқа шығып, қауаптарды қуырған кезде пикниктер маусымы басталады. Табиғатта болған кезде өте мұқият болу керек:

- сөндірілмеген темекі тұқылдарын,
- сіріңкелерді тастамау,
- сөндірілмеген от,
- сондай-ақ сыныған шыны қалдырмау керек.

Қалған жерлерде от жағу ені кемінде төрт метр минералданған жолақпен көмкерілген алаңдарда жүзеге асырылады. Пикник аяқталған соң от жермен мұқият себіледі немесе су толық тоқтағанға дейін су қуйылады.

**ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАРАПАЙЫМ ЕРЕЖЕЛЕРІН САҚТАУ:**

- Құрғақ, ыстық және желді ауа

Мағжан Жұмабаев ауданының төтенше жағдайлар бөлімі.



| Дүйсенбі,<br>29 сәуір  | Сейсенбі,<br>30 сәуір   | Сәрсенбі,<br>1 мамыр   | Бейсенбі,<br>2 мамыр  | Жұма,<br>3 мамыр   | Сенбі,<br>4 мамыр   | Жексенбі,<br>5 мамыр   |
|--|---|--|---|--|---|--|
| <b>QAZAQSTAN</b>   | <b>QAZAQSTAN</b>  | <b>QAZAQSTAN</b>   | <b>QAZAQSTAN</b>  | <b>QAZAQSTAN</b>   | <b>QAZAQSTAN</b>  | <b>QAZAQSTAN</b>   |
| 06.00 ӘНУРАН.<br>06.05, 03.30 Д.Ф.<br>06.30 КҮЙ-КЕРУЕН.<br>07.00 ТАНШОЛПАН.<br>10.00, 13.00, 15.00, 20.00, 00.10 АҚПАРАТ.<br>10.10, 18.00 Т/Х<br>«КҮРСАУДАҒЫ ҚЫЗ».<br>12.20, 13.10, 21.25 Т/Х<br>«ӘСКЕРИ АНТ».<br>13.30, 02.40 ӨМІР КӨРКЕМ.<br>14.30 ОТАНДЫҚ ВРЕНД.<br>14.45 АҚОРДА.<br>15.15 АПТА.<br>16.05 Т/Х «ҚАНАТСЫЗ<br>ҚҰСТАР».<br>20.30, 00.40 АШҮҚ АЛАҢ.<br>22.15 Т/Х «БАУЫРЛАР».<br>23.10 1001 ТҮН.<br>01.30 САНА. | 06.00 ӘНУРАН.<br>06.05, 03.10 Д.Ф.<br>06.30, 10.00, 13.00, 15.00, 20.00 АҚПАРАТ.<br>07.00 ТАНШОЛПАН.<br>10.10 Т/Х «КҮРСАУДАҒЫ<br>ҚЫЗ».<br>12.20, 13.10 Т/Х «ӘСКЕРИ<br>АНТ».<br>13.30, 02.00 ӨМІР КӨРКЕМ.<br>14.35, 02.50 ӘЛЕМ ЖӘНЕ БІЗ.<br>15.15 БІРЕГЕЙ.<br>16.05 Т/Х «ҚАНАТСЫМЫЗ<br>ҚҰСТАР».<br>17.00 «БІЗ БІРГЕМІЗ».<br>22.00 Т/Х «БҰРКІТШІ ҚЫЗ».<br>00.50 САНА. | 06.00 ӘНУРАН.<br>06.05 ЖӘДІГЕР.<br>06.25, 03.15 «БІРЛІГІМІЗ<br>ЖАРАСҚАН», Д.Ф.<br>07.00 ТАНШОЛПАН.<br>10.00 Т/Х «БҰРКІТШІ ҚЫЗ».<br>13.15 ӨН МЕН ӨНІШ.<br>15.15, 01.40 ОТАНДАСТАР.<br>16.00, 00.40 «ТҮРКІСТАН -<br>ДОСТЫҚ МЕКЕНІ».<br>17.00 АҚПАРАТ.<br>17.15 КӨНІЛ ТОЛҚЫНЫ.<br>18.00 Т/Х «КҮРСАУДАҒЫ<br>ҚЫЗ».<br>20.00 МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТ<br>22.15 Т/Х «БАУЫРЛАР».<br>23.10 Т/Х «АСТАНА КУЗИ БІЗ<br>БАРЛЫ».<br>02.25 БІРЕГЕЙ. | 06.00 ӘНУРАН.<br>06.05 ЖӘДІГЕР.<br>06.30, 10.00, 13.00, 15.00,<br>20.00, 00.10 АҚПАРАТ.<br>07.00 ТАНШОЛПАН.<br>10.10, 18.00 Т/Х<br>«КҮРСАУДАҒЫ ҚЫЗ».<br>12.20 БІРЕГЕЙ.<br>13.10 ДАЛА ДӘМІ.<br>13.30, 02.40 ӨМІР КӨРКЕМ.<br>14.30, 03.30 ТІРШЛІК.<br>15.15 ПЖУ-МАРЖАН.<br>16.05 Т/Х «ҚАНАТСЫЗ<br>ҚҰСТАР».<br>20.30, 00.40 АШҮҚ АЛАҢ.<br>21.25 Т/Х «ӘСКЕРИ АНТ».<br>22.15 Т/Х «БАУЫРЛАР».<br>23.10 «1001 ТҮН».<br>01.30 САНА. | 06.00 ӘНУРАН.<br>06.05, 03.15 Д.Ф.<br>06.30, 10.00, 13.00, 15.00, 20.00,<br>00.35 АҚПАРАТ.<br>07.00 ТАНШОЛПАН.<br>10.10, 18.00 Т/Х<br>«КҮРСАУДАҒЫ ҚЫЗ».<br>12.20, 13.10, 21.25 Т/Х<br>«ӘСКЕРИ АНТ».<br>13.30, 02.05 ӨМІР КӨРКЕМ.<br>14.35, 02.55 ӨЗЕКТІ.<br>15.15 ТЕХНОКРАТТАР<br>ТАЛҚЫСЫ.<br>16.05 Т/Х «ҚАНАТСЫЗ<br>ҚҰСТАР».<br>20.30, 01.10 АШҮҚ АЛАҢ.<br>22.15 Т/Х «БАУЫРЛАР».<br>23.10 ЖАРҚЫН ЖҮЗДЕСУ.<br>00.00 PARASAT MAIDANY. | 06.00 ӘНУРАН.<br>06.05 Д.Ф.<br>06.30, 17.00 АҚПАРАТ.<br>07.00, 02.25 КҮЙ-КЕРУЕН.<br>07.30, 02.55 ШАҢЫРАҚ<br>08.00 «САҒЫНДЫҒАҢ<br>ӘНДЕР-АЙ».<br>09.00, 01.35 ТЕЛЕДӘРІГЕР.<br>10.00 Т/Х «КҮРСАУДАҒЫ<br>ҚЫЗ».<br>12.00 БҰРКІТ ПЕН<br>АИШАНЫҢ<br>КОНЦЕРТІ.<br>13.20 «БАЛУАН ШОЛАҚ»,<br>Х.Ф.<br>15.35 М.Ф. «АҒАЙЫНДЫ<br>АЮЛАР: ҮШ<br>ӘЛЕМНІҢ<br>КҮНІЯСЫ».<br>17.20, 01.15 «ӘЛЕМ ЖӘНЕ<br>БІЗ».<br>17.40 КӨНІЛ ТОЛҚЫНЫ.<br>18.00 Т/Х «КҮРСАУДАҒЫ<br>ҚЫЗ».<br>20.00 ЕГІЗ ЛЕБІЗ.<br>21.45 Т/Х «КӨРКЫТ».<br>23.25 ЖАРҚЫН ЖҮЗДЕСУ. | 06.00 ӘНУРАН.<br>06.05 «ТҮРКІ ӘЛЕМІ», Д.Ф.<br>06.30 ШАҢЫРАҚ.<br>07.05 КУМИС КӨМЕЙ.<br>07.50 ТУЛҒА.<br>09.25, 03.45 АҚСАУЫТ.<br>10.00, 18.00 Т/Х<br>«КҮРСАУДАҒЫ ҚЫЗ».<br>12.00 «ЕГІЗ ЛЕБІЗ».<br>14.00 М.Ф. «АҒАЙЫНДЫ<br>АЮЛАР: ҮШ<br>ӘЛЕМНІҢ<br>КҮНІЯСЫ».<br>15.25 С. МЕДЕУОВТН<br>КОНЦЕРТІ.<br>17.05 «ТЕХНОКРАТТАР<br>ТАЛҚЫСЫ».<br>20.00, 02.45 АПТА.<br>20.50, 03.35 АҚОРДА.<br>21.00 М.<br>СӘДУАҚАСОВАНЫҢ<br>КОНЦЕРТІ.<br>22.15 Т/Х «КӨРКЫТ».<br>23.55 ЖАРҚЫН ЖҮЗДЕСУ.<br>00.55 QAZAQSTAN<br>ДАУЫСЫ. |

| Дүйсенбі,<br>29 сәуір   | Сейсенбі,<br>30 сәуір  | Сәрсенбі,<br>1 мамыр   | Бейсенбі,<br>2 мамыр  | Жұма,<br>3 мамыр  | Сенбі,<br>4 мамыр   | Жексенбі,<br>5 мамыр   |
|---|--|--|---|---|---|--|
| <b>ХАБАР</b>  | <b>ХАБАР</b>   | <b>ХАБАР</b>   | <b>ХАБАР</b>  | <b>ХАБАР</b>  | <b>ХАБАР</b>  | <b>ХАБАР</b>   |
| 05.00 «КОЕ-ЧТО НА ДЕНЬ<br>РОЖДЕНИЯ», Х.Ф.<br>07.00 ОЯН.<br>10.00 БІЗДІҢ НАЗАРДА.<br>10.25 М.Ф.<br>11.40 М.Ф. «МЕХАМАТО».<br>12.00 Т/Х «ЖАЗМЫШ».<br>13.00, 20.00 Т/Х<br>«ТАЕДЫРҒА СЕН-2».<br>15.00, 21.45 Т/Х «КҮЗГІ<br>АСПАН».<br>16.00, 23.30 Т/Х «ВЕТЕР В<br>ЛИЦО».<br>18.00 НОВОСТИ.<br>18.25 ИТОГИ.<br>19.00 ЖАҢАЛЫҚТАР.<br>19.25 ТАЛҚЫ.<br>22.30 ХАБАРЛІКЕ.<br>01.00 ҚР ӘНУРАНЫ. | 05.00 Т/Х «АЛПЫСТАН<br>АСЫП БАРАМЫН».<br>07.00 ОЯН.<br>10.00 М.Ф. «ҚАЗАҚСТАН<br>- БІЗДІҢ ОРТАҚ<br>ШАҢЫРАҒЫМЫЗ».<br>10.30 Д.Ф.<br>11.00 «О ДРУЖБЕ<br>ЭТНОСОВ», Д.Ф.<br>11.30 КОНЦЕРТ.<br>12.30 «ДОС-МУҚАСАН»,<br>Х.Ф.<br>15.00, 21.45 Т/Х<br>«ҰЛБОЛСЫН».<br>16.00, 23.30 Т/Х «ВСЕ ВЕР-<br>НЕТСЯ».<br>18.00 НОВОСТИ.<br>18.25 ИТОГИ.<br>19.00 ЖАҢАЛЫҚТАР.<br>19.25 ТАЛҚЫ.<br>20.00 Т/Х «ТАЕДЫРҒА<br>СЕН-2».<br>22.30 ХАБАРЛІКЕ.<br>01.00 ҚР ӘНУРАНЫ. | 05.00 Т/Х «АЛПЫСТАН<br>АСЫП БАРАМЫН».<br>07.00 ОЯН.<br>10.00 КУЛЬТУРНЫЙ КОН-<br>ТЕКСТ.<br>10.35 М.Ф.<br>12.00 Т/Х «ЖАЗМЫШ».<br>13.00, 20.00 Т/Х<br>«ТАЕДЫРҒА СЕН-2».<br>15.00, 21.45 Т/Х<br>«ҰЛБОЛСЫН».<br>16.00, 23.30 Т/Х «ВСЕ ВЕР-<br>НЕТСЯ».<br>18.00 НОВОСТИ.<br>18.25 ИТОГИ.<br>19.00 ЖАҢАЛЫҚТАР.<br>19.25 ТАЛҚЫ.<br>22.30 ХАБАРЛІКЕ.<br>01.00 ҚР ӘНУРАНЫ. | 05.00 Т/Х «АЛПЫСТАН<br>АСЫП БАРАМЫН».<br>07.00 ОЯН.<br>10.00 МОДЕНИ БАЕДАР.<br>10.20 М.Ф.<br>12.00 Т/Х «ЖАЗМЫШ».<br>13.00, 20.00 Т/Х<br>«ТАЕДЫРҒА СЕН-2».<br>15.00, 21.45 Т/Х<br>«ҰЛБОЛСЫН».<br>16.00 Т/Х «КАШКАН ДЛЯ<br>ЗОЛУШКИ».<br>18.00 НОВОСТИ.<br>18.25 ИТОГИ.<br>19.00 ЖАҢАЛЫҚТАР.<br>19.25 ТАЛҚЫ.<br>22.30 «ЛЮБОЙ ЦЕНОЙ»,<br>Х.Ф.<br>00.30 МӨРТЕБЕЛІ ОНЕР.<br>01.00 ҚР ӘНУРАНЫ. | 05.00 Т/Х «АЛПЫСТАН<br>АСЫП БАРАМЫН».<br>07.00 ОЯН.<br>10.00 МОДЕНИ БАЕДАР.<br>10.20 М.Ф.<br>12.00 Т/Х «ЖАЗМЫШ».<br>13.00, 20.00 Т/Х<br>«ТАЕДЫРҒА СЕН-2».<br>15.00, 21.45 Т/Х<br>«ҰЛБОЛСЫН».<br>16.00 Т/Х «КАШКАН ДЛЯ<br>ЗОЛУШКИ».<br>18.00 НОВОСТИ.<br>18.25 ИТОГИ.<br>19.00 ЖАҢАЛЫҚТАР.<br>19.25 ТАЛҚЫ.<br>22.30 «ЛЮБОЙ ЦЕНОЙ»,<br>Х.Ф.<br>00.30 МӨРТЕБЕЛІ ОНЕР.<br>01.00 ҚР ӘНУРАНЫ. | 05.00 АСЫЛ ҚАЗЫНА.<br>07.00 КОНЦЕРТ.<br>08.30 ПРЕЗИДЕНТСКИЙ<br>РЕЗЕРВ.<br>09.00 Д.Ф.<br>09.30 УЛЫ ДАЛА ОЙЫН-<br>ДАРЫ.<br>10.00 «ЛЮБОЙ ЦЕНОЙ»,<br>Х.Ф.<br>12.00 М.Ф.<br>13.20 М.Ф. «МЕХАМАТО».<br>14.00 ХХІ БАСЫР<br>КӨШБАСШЫСЫ.<br>15.00 АЛАҒАШҚЫ.<br>16.00 Т/Х «ҚАРЛЫҒАШ УЯ<br>САЛҒАНДА».<br>19.00 БЕС ЖҮЛДЫЗ.<br>21.00 7 КҮН.<br>21.40 «ЛУЛУ И БРИГТС»,<br>Х.Ф.<br>23.40 ӨКЕ БАҚЫТЫ.<br>00.30 ӨСЕМ ӘНДЕР. | 05.00 АСЫЛ ҚАЗЫНА.<br>07.00 ПРОФЕССИОНАЛЬ-<br>НЫЙ БОКС.<br>10.30 COVER SHOW.<br>11.00 Д.Ф.<br>11.30 «ҚАЗАҚ ЕЛ», Д.Ф.<br>12.00 М.Ф.<br>13.20 М.Ф. «МЕХАМАТО».<br>13.45 НАЦИОНАЛЬНЫЙ<br>ИНТЕРЕС.<br>14.30 БЕС ЖҮЛДЫЗ.<br>16.00 Т/Х «ҚАРЛЫҒАШ УЯ<br>САЛҒАНДА».<br>19.30 ҚЫЗЫҚ TIMES.<br>21.00 7 КҮН.<br>21.40 ЖУРНАЛИСТИК<br>ЗЕРТТЕУ БОЛІМІ.<br>22.10 «СТАТУС БРЭДА»,<br>Х.Ф.<br>00.10 ӨКЕ БАҚЫТЫ.<br>01.00 ҚР ӘНУРАНЫ. |

| Дүйсенбі,<br>29 сәуір  | Сейсенбі,<br>30 сәуір  | Сәрсенбі,<br>1 мамыр  | Бейсенбі,<br>2 мамыр  | Жұма,<br>3 мамыр   | Сенбі,<br>4 мамыр   | Жексенбі,<br>5 мамыр   |
|--|--|---|---|--|---|--|
| <b>ЕВРАЗИЯ</b>   | <b>ЕВРАЗИЯ</b>   | <b>ЕВРАЗИЯ</b>  | <b>ЕВРАЗИЯ</b>  | <b>ЕВРАЗИЯ</b>   | <b>ЕВРАЗИЯ</b>  | <b>ЕВРАЗИЯ</b>   |
| 06.00 ЕҢ АЛҒАШҚЫ.<br>07.00 «П@УТИНА».<br>08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ,<br>ҚАЗАҚСТАН!<br>09.00 ДОБРОЕ УТРО, КА-<br>ЗАХСТАН!<br>10.10 ЖИТЬ ЗДОРОВО.<br>11.00 ДАВАЙ ПОЖЕНИМ-<br>СЯ.<br>11.50 Т/С «ХРАНИ МЕНЯ,<br>ДОЖДЬ».<br>14.00, 02.15 НОВОСТИ.<br>14.15, 02.30<br>ЖАҢАЛЫҚТАР.<br>14.30 QOSLIKE.<br>18.30, 03.30 БАСТЫ<br>ЖАҢАЛЫҚТАР.<br>19.00, 02.45 KÖREMIZ.<br>20.00 ГЛАВНЫЕ<br>НОВОСТИ.<br>20.35 Т/С «ЛЮБОВЬ БЕЗ<br>ПАМЯТИ».<br>00.25 Т/С «ТАКСИ ПОД<br>ПРИКРЫТИЕМ».<br>01.25 НОЧНОЙ КИНОТЕ-<br>АТР. | 06.00, 03.00 ЕҢ АЛҒАШҚЫ.<br>07.00, 02.55 «П@УТИНА».<br>08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ,<br>ҚАЗАҚСТАН!<br>09.00 ДОБРОЕ УТРО, КА-<br>ЗАХСТАН!<br>10.15 ЖИТЬ ЗДОРОВО.<br>11.05 ДАВАЙ ПОЖЕНИМ-<br>СЯ.<br>11.55 Т/С «НЕ ПЫТАЙТЕСЬ<br>ПОНЯТЬ ЖЕНЩИНУ».<br>14.00, 01.55 НОВОСТИ.<br>14.15, 02.10 ЖАҢАЛЫҚТАР.<br>14.30 QOSLIKE.<br>17.00 «БІЗ БІРГЕМІЗ».<br>22.00 Т/С «ПРЕДАННЫЙ».<br>00.00 Т/С «ТАКСИ ПОД<br>ПРИКРЫТИЕМ».<br>01.05 НОЧНОЙ КИНОТЕ-<br>АТР. | 06.00, 03.25 ЕҢ АЛҒАШҚЫ.<br>08.05 «П@УТИНА».<br>09.00 «МЫМРА», Х.Ф.<br>10.45 «ЖЕНИТЬ НЕЛЬЗЯ<br>ПОМИЛОВАТЬ», Х.Ф.<br>14.30 QOSLIKE.<br>18.30, 02.10 БАСТЫ<br>ЖАҢАЛЫҚТАР.<br>19.00, 02.40 KÖREMIZ.<br>20.00 ГЛАВНЫЕ<br>НОВОСТИ.<br>20.35 Т/С «ЛЮБИМАЯ<br>УЧИТЕЛЬНИЦА».<br>00.25 Т/С «БЕГЛЕЦ».<br>01.20 НОЧНОЙ КИНОТЕ-<br>АТР. | 06.00 ЕҢ АЛҒАШҚЫ.<br>07.00, 03.55 «П@УТИНА».<br>08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ,<br>ҚАЗАҚСТАН!<br>09.00 ДОБРОЕ УТРО, КА-<br>ЗАХСТАН!<br>10.10 МОДНЫЙ ПРИГОВ-<br>ОР.<br>11.00 ДАВАЙ ПОЖЕНИМ-<br>СЯ.<br>11.50 Т/С «ТРИ В ОДНОМ».<br>14.00, 02.10 НОВОСТИ.<br>14.15, 02.25<br>ЖАҢАЛЫҚТАР.<br>14.30 QOSLIKE.<br>18.30, 03.25 БАСТЫ<br>ЖАҢАЛЫҚТАР.<br>19.00, 02.40 KÖREMIZ.<br>20.00 ГЛАВНЫЕ<br>НОВОСТИ.<br>20.35 Т/С «ЛЮБИМАЯ<br>УЧИТЕЛЬНИЦА».<br>00.25 Т/С «БЕГЛЕЦ».<br>01.20 НОЧНОЙ КИНОТЕ-<br>АТР. | 06.00 ЕҢ АЛҒАШҚЫ.<br>07.00 «П@УТИНА».<br>08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ,<br>ҚАЗАҚСТАН!<br>09.00 ДОБРОЕ УТРО, КА-<br>ЗАХСТАН!<br>10.10 МОДНЫЙ ПРИГОВОР.<br>11.00 ДАВАЙ ПОЖЕНИМ-<br>СЯ.<br>11.50 Т/С «ТРИ В ОДНОМ».<br>14.00, 01.20 НОВОСТИ.<br>14.15, 01.35 ЖАҢАЛЫҚТАР.<br>14.30 QOSLIKE.<br>18.30, 02.35 БАСТЫ<br>ЖАҢАЛЫҚТАР.<br>19.00, 01.50 KÖREMIZ.<br>20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ.<br>20.30 ПАРЛАМЕНТ<br>ONLINE.<br>20.50 ПОЛЕ ЧУДЕС.<br>22.00 Т/С «БИРЮК». | 06.00, 03.45 ТАМАША CITY.<br>08.05, 03.00 «П@УТИНА».<br>09.00 ПОВАРА НА<br>КОЛЕСАХ.<br>10.25 «ЕСЛИ ТЫ МЕНЯ<br>ПРОСТИШЬ», Х.Ф.<br>14.20 «РАЗВОД И ДЕВНИЧЬЯ<br>ФАМИЛИЯ», Х.Ф.<br>18.30, 02.30 АЙНА.<br>19.00 «РЕСТОРАН БЕЗ<br>ИМЕН», Х.Ф.<br>21.15 «ДОМ НАДЕЖДЫ»,<br>Х.Ф.<br>00.55 НОЧНОЙ КИНОТЕ-<br>АТР. | 06.00, 02.10 ТАМАША<br>CITY.<br>07.45, 01.25 «П@УТИНА».<br>08.45 ВОСКРЕСНЫЕ<br>БЕСЕДЫ.<br>09.00 ПОВАРА НА<br>КОЛЕСАХ.<br>10.00 ҚАЙМАҚ.<br>10.35 «ДОМ НАДЕЖДЫ»,<br>Х.Ф.<br>14.20 «БЛИЗКИЕ<br>ЛЮДИ», Х.Ф.<br>18.30 КОНЦЕРТ.<br>20.00 АНАЛИТИКА.<br>20.45 «КАЖЕТСЯ,<br>НАДЕЖДЫ НЕТ», Х.Ф.<br>00.10 ЧТО? ГДЕ? КОГДА? |

Ежелден ел тілегі – ер тілегі,  
Адал ұл ер боп туса – ел тілегі.  
Жерге тер төгіп, халыққа қан төгіп  
қызмет ет.  
Бауыржан МОМЫШҰЛЫ.



ӘЛЕУМЕТТІК БАҒДАРЛАМА

«ДИПЛОММЕН АУЫЛҒА» БАҒДАРЛАМАСЫ ҚАТЫСЫҢЫЗ!

Мемлекет азаматтарға «Дипломмен ауылға» бағдарламасына денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласында мамандығы бар адамдар, ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген ауылдар, кенттер, ауылдық округтер өкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілері қатыса алады. Көтерме жәрдемақы 100 АЕК (2024 жылы 100x3692= 369 200 теңге), 15 жылға дейінгі мерзімге тұрғын үй сатып алу немесе салу үшін жыл сайынғы сыйақы мөлшерлемесі 0,01%-бен 2000 АЕК (2024 жылы 2000x3692= 7 384 000 теңге) дейінгі мөлшерде бюджеттік кредит беріледі.

Толығырақ ақпарат алу үшін Мағжан Жұмабаев ауданының экономика және қаржы бөліміне жүгінуге немесе 8-715-31-2-17-97 телефоны бойынша хабарласуға болады.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

ЖАҢА ЖОБА ІСКЕ АСЫРЫЛУДА

Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің бастамасы бойынша бүкіл ел бойынша «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы волонтерлік» жобасы іске асырылуда.

Жобаның мақсаты қоғамда сыбайлас жемқорлыққа төзбейшілік ахуалын қалыптастыру, сондай-ақ келесі бағыттарды (іс-шараларды) іске асыру арқылы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін жағдайлар мен себептерді анықтау болып табылады: қоғамдық бақылау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы зерттеулер және білім беру, Pro bono волонтерлік (қасиби көмек көрсету) және корпоративтік волонтерлік.

Осы орайда жоба волонтері, заңгер – Кинель Евгений Юрьевич халыққа тегін заңгерлік консультациялар өткізеді. Консультациялар кестесі: күн сайын (дүйсенбіден жұмаға дейін) сағат 10.00-ден 11.00-ге дейін 8-705-518-25-76 телефон нөмірі бойынша.

БОС ОРЫНДАР ЖӘРМЕҢКЕСІ



2024 жылғы 26 сәуір күні сағат 10.00-де бос орындар жәрмеңкесі өтеді. Жалдамалы жұмыс күшіне суранысы бар барлық меншік нысанындағы жұмыс берушілерді, сондай-ақ жұмысыңыз азаматтарды шақырамыз.

Жәрмеңке Булаев қаласы, Мир көшесі, 8А мекен жайында өтеді.

МЕМЛЕКЕТТІК КОРПОРАЦИЯ ЗАҢ БҰЗУШЫЛЫҚТАРМЕН КҮРЕСТІ КҮШЕЙТТІ

2024 жылдың бірінші тоқсанында Мемлекеттік корпорация өз күшімен мемлекеттік қызмет көрсету барысында тіркелген 1319 бұзушылықты анықтады. Салыстырмалы түрде, өткен жылдың осы кезеңінде бұл көрсеткіш 249 бұзушылықты құраған.



Мемлекеттік корпорация анықталған фактілерді құқық қорғау органдарына беріп, нәтижесінде 12 қылмыстық іс қозғалды.

«Азаматтарға арналған үкіметтің» 90 қызметкері тәртіптік жауапкершілікке тартылды, 2 қызметкердің лауазымы төмендетілді, 9 қызметкермен еңбек шарты бұзылды.

Бұзушылықтар ХҚКО-лар мен мамандандырылған ХҚКО-лар қызметінде, жылжымайтын мүлікті тіркеуде, жер кадастрында және т. б. бойынша анықталды.

Бұл фактілер бойынша Алматы қаласы, Алматы, Қостанай, Шығыс Қазақстан облыстарында сотқа дейінгі тергеулер жүргізілуде.

Осы орайда, Мемлекеттік корпорация сыбайлас жемқорлыққа нәлдік төзімділік қағидатын ұстанатынын атап өтуіміз керек. Қауіпсіздік қызметінің мамандарымен бұзушылықтарды ашу бойынша үлкен жұмыс жүргізіледі. «Азаматтарға арналған үкімет» құқық қорғау органдарымен өзара тығыз байланыста және анықталған құқыққа қарсы іс-қимылдар туралы барлық фактілер дереу қарастыруға жіберіледі.

Қазіргі уақытта «Азаматтарға арналған үкімет» пен ҚР ҚМА арасында бірлескен Меморандум өзінше құрылды. Ол көлік құралдарын мамандандырылған ХҚКО-ларда заңсыз тіркеуге қарсы күрес жүргізу барысында тараптардың ынтымақтастығын нығайтуға және күш-жігерін үйлестіруге бағытталған.

Сонымен қатар, 2023 жылдың 16 қазанынан бастап сыбайлас жемқорлықтың құрамдас бөліктерін азайту үшін Мемлекеттік корпорация жүргізуші күелігін алу үшін тапсырылатын емтихандардың өткізу тәртібін қатаңдатуға мүмкіндік беретін 3.0 ЖЖЕ жүйесін енгізгенін еске саламыз.

ХҚКО ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ СУ ТАСҚЫНЫНАН ЗАРДАП ШЕККЕН АЗАМАТТАРДЫҢ ҚҰЖАТТАРЫН ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУГЕ КӨМЕКТЕСЕДІ

Осыған байланысты, облыстың көптеген тұрғындарының су тасқыны салдарынан құжаттары бүлінгендіктен, Мемлекеттік корпорацияның Солтүстік Қазақстан облысы бойынша филиалы Мемлекеттік қызмет көрсету үшін орындарының санын көбейтті. Мәселен, Азаматтарға өкімдікті және Петропавлдың жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасында қызмет көрсетіледі.

Бұдан басқа, Халыққа қызмет көрсету орталықтарының қызметкерлері атынан мобилдік топтар да көзек тәртібінмен эвакуациялық пункттерге барыды. Филиал қызметкерлері тұрғындарға түрлі анықтамалар алуға, құжаттарды қалпына келтіру бойынша өтініштер қабылдауға көмектеседі. Сондай-ақ, қажет болған жағдайда олар зардап шеккендерді құжаттау үшін көші-қон қызметі басқармасымен және басқа да атқарушы органдармен жетек езір-көрсетеді.

Айта кетейік, облыста әдеттегі ХҚКО жұмыс істеуде. Жылжымайтын мүлікке құжаттарды қалпына келтіру үшін телнұсқа беру туралы өтінішпен тікелей халыққа қызмет көрсету орталығына хабарласу қажет.

Жылжымайтын мүлікке құқық нотариат куәландырган мәміле, мұрагерлік құқығы туралы куәлік, меншік құқығы туралы куәлік негізінде тіркелген жағдайларда құқық белгілейтін құжаттың телнұсқасын қалпына келтіру мынадай тәртіппен жүргізіледі: құжаттың телнұсқасын алу үшін оны куәландырган нотариусқа жүгіну қажет.

Айта кетейік, облысқа көп су келгендіктен, ХҚКО қызметкерлері табиғи апаттан зардап шеккен 4 мыңға жуық азаматқа мемлекеттік қызмет көрсетті.

КӨЛІК ҚҰРАЛДАРЫН ТІРКЕУ ЖӘНЕ ЖҮРГІЗУШІЛЕРДІ ДАЯРЛАУ ҚАҒИДАЛАРЫ ӨЗГЕРДІ

2024 жылғы 23 сәуірден бастап еліміздің мамандандырылған ХҚКО-ларында көлік құралдарын тіркеу барысында міндетті нотариаттық куәландырылған көлікті сатып алу-сату шарттарын қабылдайтын болады. Бұл ретте мәміленің жазбаша нысаны жойылады.

Бұл өзгерістер мемлекеттік қызмет көрсету кезінде ашықтықты қамтамасыз етуге бағытталған. Айта кетейік, егер азаматтар қайта тіркеу үшін көлікті сатып алу-сату мәмілелерін нотариалды куәландырығысы келмеген жағдайда, олар екінші деңгейдегі банктердің қосымшалары арқылы көлік құралын онлайн қайта рәсімдей алады.

Сонымен қатар, 23 сәуірден бастап жүргізуші күелігін алуға үміткерлер емтиханды тек автоматтәпті бітіргеннен кейін ғана тапсыра алады. А және В, сондай-ақ А1 және В1 санатындағы күеліктерге үміткер жүргізушілердің өзін-өзі даярлау арқылы емтихан тапсыруына мүмкіндік беретін тармақтар емтихандары қабылдау және жүргізуші күеліктерін беру қағидаларынан алынып тасталды.

Енгізілген жаңашылдықтар көлік құралдарын тіркеу және есепке алу, сондай-ақ жүргізушілерді даярлау қағидаларына өзгерістер мен толықтырулар өнүінің арқасында мүмкін болды. Бұл өкімшілік процесстердің тиімділігін арттыруға және жол қозғалысы қауіпсіздігінің жоғары деңгейін қамтамасыз ету үшін қажет.

Өзгерістер «Жол қозғалысы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының ережелеріне негізделіп, ҚР ІІМ Өкімшілік полиция комитетімен өзінделіп, Қағидаға барлығы 53 түзету енгізілді.

Түзетулер жария талқулаудан, сыбайлас жемқорлыққа қарсы сараптамадан өтті және ІІО мен «Атамекен» ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасының қызметі жөніндегі қоғамдық кеңеспен мақұлданды.

«Азаматтарға арналған үкімет» барлық көлік иелері мен жүргізуші күелігін алуға үміткерлерді жаңа ережелермен танысуға кеңес береді.

Жаңартылған ережелердің толық мәтінімен порталда танысуға болады:  
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2400034240>

«Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясы» KEAK.

2024 ЖЫЛДЫҢ 2-ШІ ТОҚСАНЫНДА АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Мағжан Жұмабаев ауданы Булаев қаласының әкімі - Қыраубаев Азамат Жаңбырбайұлы айдың әр аптасының сәрсенбісі, сағат 14.30-дан 15.30-ға дейін қабылдайды. Булаев қаласы әкімінің орынбасары - Исабаев Дамир Қуандықұлы айдың әр аптасының бейсенбісі, сағат 14.30-дан 18.00-ға дейін қабылдайды. Булаев қаласы, Пушкин көшесі, 14, тел. 2-14-46, 2-14-07.

Мағжан Жұмабаев ауданы Ұзынкөл ауылдық округінің әкімі - Қасенов Жаслан Серікұлы жеке және заңды тұлғалардың өкілдерін апта сайын сәрсенбі, бейсенбі күндері сағат 10.00-ден 13.00-ге дейін қабылдайды. Мекен жайы: Ұзынкөл ауылы, тел. 5-26-16.

Мағжан Жұмабаев ауданы ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімінің басшысы - Құсайынов Әлібай Нұрбайұлы апта сайын бейсенбі күні сағат 14.30-дан 18.00-ге дейін қабылдайды. Булаев қаласы, Пионерская көшесі, 2 А үй, тел. 2-00-25.

Мағжан Жұмабаев ауданы Молодогвардейское ауылдық округінің әкімі - Жағыпаров Жаслан Қайроллаұлы апта сайын сәрсенбі, бейсенбі күндері сағат 09.00-ден 17.00-ге дейін қабылдайды. Мекен жайы: Молодогвардейское ауылы, тел. 3-36-31.

Мағжан Жұмабаев ауданы жер қатынастары бөлімінің басшысы - Сәрсенов Алмас Маулітұлы апта сайын сәрсенбі күні сағат 11.00-ден 17.00-ге дейін қабылдайды. Мекен жайы: Булаев қаласы, Юбилейная көшесі, 31, тел. 2-08-33, 2-04-22, 2-03-75.

СЕНИМ ТЕЛЕФОНДАРЫ

Жеке және заңды тұлғалардың заңды құқықтары мен мүдделерін қорғау, сонымен қатар аудандық атқарушы органдардың атқарушы тарапынан Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілердің Әдел кодексін сақтамау жағдайлары мен лауазымдық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы құқық бұзушылығын анықтау мақсатында мына сенім телефоны бойынша ақпараттандыру қажет:

«Мағжан Жұмабаев ауданы Булаев қаласы әкімінің аппараты» КММ - 8 (71531) 2-14-46.

«Мағжан Жұмабаев ауданы Ұзынкөл ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ - 8(71531) 3-36-31.

«Мағжан Жұмабаев ауданының жер қатынастары бөлімі» КММ - 8(71531) 2-08-33, 2-04-22, 2-03-75.

|  |  |   |   |  |
|--|--|---|---|--|
| Директор - бас редактор<br>Неял ГОНЧАР | Редакцияның мекен жайы: 150800 Солтүстік Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев ауданы, Булаев қаласы, Батыр Баян көшесі, 13 үй.<br>Тел: 2-17-49.<br>Баспадан нөмірі: 65360<br>e-mail: magzhan.zhuldizi@yandex.kz | Газет аптасына<br>1 рет бейсенбі күні<br>шығады | «Magjan Juldyzy» газеті<br>редакцияда терісіндік беттеледі.<br>«Северный Казахстан»<br>баспаханасында басылды.<br>(Петровав к., Коммунар к-сі, 5 үй).<br>Таралымы - 680 | Газет аудан әкімінің, аудандық мәслихаттың тапсырысы бойынша шығарылады және газеттер арқылы мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізудегі ресми баспадан болып табылады |
|--|--|---|---|--|

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 2018 жылы 11 желтоқсанда есепке алынып, №17395-Г куәлігін алған. Жарнаманың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Редакцияға жолданған қолажазбалар, хаттар «Мағжан жұлдызы» газетінің мәтініне айналды, ресенцияланбайды, қайтарылмайды. Газетті жеткізін беру мәселелері жөнінде 2-17-80 телефоны бойынша аудандық пошта торабына хабарласуға болады